



ПРЕЗИДЕНТ



ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨРШІЛ ИДЕЯСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын өткізді. Алдымен Президент жасанды интеллектіні дамытпай, жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес екенін еске салды. Цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект егемен ел болудың кепіліне, экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналды.

— Сондықтан біз де осы ахуалға сай алдымызға биік мақсат қойдық. Қазақстан үш жыл ішінде толыққанды цифрлық ел болуы керек. Мен бұл туралы халыққа Жолдауымда жан-жақты тарқатып айттым. Жалпы, елімізде осы бағытта біраз жұмыс істелді. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің 92 пайыздан астамы онлайн форматта ұсынылады. Былтыр еліміздегі қолма-қол ақшасыз төлемнің үлесі 85 пайыздан асты. Сондай-ақ биыл алғашқы жарты жыл ішінде Қазақстан азаматтарына 26 миллион цифрлық қызмет көрсетілді. Соның жартысына жуығы смартфон арқылы жасалған. Мұның бәрі де, әрине, жақсы. Дейтұрғанмен жасанды интеллектінің даму жылдамдығы өте тез, қарқыны жоғары. Сондықтан бір орында тоқтап қалмай, бұл іске үнемі жаңа көзқараспен қарау қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінгі басқосу «Білім беру саласындағы жасанды интеллект: мүмкіндіктер және сын-кәтерлер» тақырыбына арналатынын айтты. Президенттің пікірінше, біз қазір түбегейлі өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Жасанды интеллект бүгінде экономиканың, мемлекеттік басқару жүйесінің,

ғылымның, ең бастысы, білім беру саласының келешегін айқындауда.

— Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз және егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға қарай анықталады. Жасанды интеллект осы трансформацияның қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл орайда әлемдегі немесе аймақтағы көшбасшылық туралы сөз қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат — Қазақстанды озық, өркениетті елге айналдыру. Көптеген жетекші елдер жасанды интеллектіні ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы ретінде мойындады және оны дамытуға қомақты қаржы бөліп отыр. Мысалы, Қытай «ЖИ +» (AI+) атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда. Оның аясында жасанды интеллект технологиясын экономикаға, ғылымға және әлеуметтік салаға кешенді түрде интеграциялау көзделген. Ал Құрама Штаттар аталған салада дүниежүзі бойынша көш бастауды мақсат тұтады. Соған сәйкес стратегиясын іске асыра бастады. Бұл фактілер әлемде мүлдем жаңа даму парадигмасы қалыптасып жатқанын көрсетеді: жаһандағы технологиялық бәсекенің негізгі факторы — жасанды интеллект. Қазақстан бұл үдерістен тыс

қала алмайды. Сол себепті біз барлық саладағы интеграцияны үйлестіру үшін Жасанды интеллект министрлігін құрдық, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын даярлау екеніне мән берді. Осыған орай білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды.

— Университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға тиіс. Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек. Жыл басында елімізде AI-Sana бағдарламасы іске қосылды. Осы жоба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жобалар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұраныстың өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және алдағы уақытта бұл сұраныс тек өсе бермек. Мұндай жағдайда, тіпті білім беру жүйесінің мүмкіндігі де шектеулі болары анық. Сол себепті қазіргі озық технология дәуірінде әр маман иесі өзінің негізгі кәсібімен қатар, цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жұмыс барысында қолдана білгені жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы Ұстаздар күнімен құттықтап, мұғалімдердің кәсіби мерекесі елімізде ерекше аталып өтетінін, ұстаздар қауымына зор құрмет көрсетілетінін айтты.



— Міржакып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам — мұғалім» деген. Мұғалім — әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім — әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз — тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелдігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі әр мұғалімнің еңбегі — ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі — орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беруіміз керек деп санайды.

— Соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істелді. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1 200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ осындай 67 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білугі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздар-

дың жағдайына баса назар аударып жатыр. Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін айтты. Президент мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне тоқталды. Оның сөзінше, қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл — өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл — еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл — ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастардың табанды еңбегінің нәтижесі.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Нигерия Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Бола Ахмед Тинубуды Нигерия Федеративтік Республикасы Тәуелсіздігінің 65 жылдық мерейтойымен құттықтады.



Президент жеделхатында Қазақстан мен Нигерия арасындағы қарым-қатынастың достық сипатқа ие екенін атап өтіп, қос халықтың игілігі жолында ынтымақтастықты одан әрі дамытуға әзірлігін растады.

Мемлекет басшысы Кипр Президенті Никос Христодулидисқа құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Никос Христодулидисты Кипр Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтап, оның отандастарына бақ-береке тіледі.



Қазақстан Президенті Астана мен Никосия арасындағы ынтымақтастықтың аясы жылдан жылға кеңейіп келе жатқанына тоқталды. Сонымен қатар екі елдің өзара түсіністікке негізделген достық қарым-қатынасы одан әрі нығая беретініне сенім білдірді.

САЛЫҚТЫҚ ӘДІЛДІКТІҢ САЛМАҒЫ АУЫР



Бұған дейін вице-министр Ержан Біржанов бүгінде салық декларациясын тапсырмайтын немесе айналымын көрсетпейтін кәсіпкерлердің көптігін айтқан болатын: «2 миллион жеке кәсіпкердің 44 пайызы мүлде айналым көрсетпейді немесе декларация өткізбейді. Яғни, 1 миллионға жуық ЖК көлеңкеде отыр. Ал барлық бизнес субъектілерінің ішінде жылына 1 миллион теңгеден көп салық төлейтіндері — небәрі 20 пайыз. Қалған 80 пайызы төлемейді».

ЛОГИСТИКА

«ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» –

ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНА АЙНАЛАДЫ



Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанның транспорттық әлеуетін көтеріп, ел қазынасын ұлғайтуды тапсырған болатын. Соның ішінде «Достық – Мойынты» теміржолының табысты боларына аса мән беріліп келеді. Өйткені бұл — ең ауқымды әрі бірегей стратегиялық жоба. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл — тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба болып есептеледі.

ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨРШІЛ ИДЕЯСЫ



(Басы 1-бетте)

Президент бүгінде елімізде жасанды интеллект мамандарын оқытатын арнайы оқу орны жок екеніне, олар тек жекелеген университеттерде білім алатынына назар аударды.

— Бұл мәселені қолға алып, нақты шешім қабылдау керек. Әлемде мұндай тәжірибе бұрыннан бар. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде Мұхаммед бен Заид атындағы мамандандырылған Жасанды интеллект университеті құрылды. Қазақстанда 79 университетте IT мамандығы бойынша 63 мыңнан астам студент оқиды. Былтырдан бері білім беру бағдарламаларына Жасанды интеллект пәні жаппай енгізіліп жатыр. Сондай-ақ университеттерде жасанды интеллект жөніндегі ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Білікті ғалымдарымыз былтыр KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығарды. Осының бәрі өте маңызды жобалар екені сөзсіз. Бірақ алда ауқымды жұмыс бар, — деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу университетін ашуды тапсырды. Президенттің сөзінше, оқу орнына арнайы мәртебе берген жөн. Сондай-ақ бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Осындай жана оқу орны не үшін қажет деген сауал да туындауы мүмкін. Басты мақсат — экономиканың барлық саласына жасанды интеллект технологиясын енгізетін білікті мамандарды даярлау. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек. Қазіргі жаһандық білім және технология нарығында бәсеке өте жоғары. Дарынды жастар әлемдік деңгейдегі сапалы білімді тек шетелден емес, өз елімізден де алғаны дұрыс. Бұл — Қазақстанның болашағына тікелей әсері бар өте маңызды мәселе. Бұдан кейін Мемлекет басшысы жасанды интеллектті білім беру жүйесіне кеңінен енгізу қажет екенін айтты.

— Дербес оқыту — революциялық мүмкіндік. Әдеттегі «Барлығына бір бағдарлама» моделі заман талабына сай келмейді. Әр оқушының өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі математикаға жүйрік болса да, тіл үйренген кезде қиналады. Енді бірі гуманитарлық пәндерге жетік болса, бірі физикаға шорқақ. Жасанды интеллект арқылы осы олқылықты жоюға болады. ЖИ негізінде құрылған білім жүйесінде әр оқушының қарым-қабілетіне сәйкес жеке оқыту бағдарламасын әзірлей аламыз. Соның нәтижесінде жастардың әлеуеті мен оқуға ынтасы артады. Халықаралық тәжірибеде мұндай сәтті мысалдар жеткілікті. Мәселен, АҚШ-та DreamBox және Knewton сияқты білім беру платформалары математика курсын әр оқушыға бейімдеп оқытады. Оңтүстік Кореяда жасанды интеллектті тіл үйрену үшін қолданады. Қазақстанда да мұндай тәсілге жүгінудің айрықша маңызы бар. Әсіресе, көптіңотысы ел ретінде біз тілдік, мәдени немесе жалпы білім деңгейі әртүрлі балалардың бәрине тең жағдай жасауды ойлауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент оқушылардың цифрлық профильдерін қалыптастыруды тағы бір маңызды басымдық ретінде атады. Онда әр баланың оқу үлгерімі, мықты қырлары мен жетістіктері тіркеледі. Ал бұл өз кезегінде университет бағдарламасын оңтайландырып, жоғары оқу орнын

мерзімінен бұрын тәмамдауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жасанды интеллект цифрлық профиль негізінде кәсіптік бағдар жүйесін жасактайды. Оқушыларға қарым-қабілетіне сай даму жолдары, курстар мен жобаларды таңдау еркіндігі ұсынылуы керек. Бұл болашақ инженерлерді, зерттеушілерді, дәрігерлерді, мұғалімдер мен кәсіпкерлерді алдын ала анықтауға жол ашады. Осылайша, әрбір адам өз қабілетін пайдаланып, өмірден лайықты орнын табады. Аталған жайттарға тоқталған Мемлекет басшысы Үкіметке жана ЖИ университетімен интеграцияланған оқушылардың ұлттық цифрлық профильдер жүйесін құруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдер көп уақытын жұмсайтын күнделікті күйбең шаруаны жасанды интеллект арқылы автоматтандырудың маңызына да назар аударды.

— Алгоритмдер шәкірттерге жеке тапсырмалар мен дайындық тесттерін әзірлеп, жауаптарды тексеріп, олармен жылдам кері байланыс орната алады. Мұндай технологиялық шешім мұғалімдердің жұмысын едәуір жеңілдетіп, ұстаздық қызметімен айналысуына мүмкіндік береді. Бірақ бір нәрсе әрдайым есте болуға тиіс: мұғалімнің жанашырлығын және ақыл-парасатын ешбір технология алмастыра алмайды. Сондықтан мұғалім мен оқушы арасындағы адами қарым-қатынас білім беру үдерісінің өзегі болып қалуға тиіс. Біздің мақсатымыз — педагогтерді басы артық жұмыстан босату, өз миссиясын алаңсыз атқаруына жағдай жасау. Үкімет жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізген кезде осы қағидалы ескеруі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент білім алу мүмкіндіктерін кеңейту маңызды міндет екеніне мән берді. Айтуынша, жасанды интеллекттің кеңінен пайдалану орталық пен аймақ, қала мен ауыл арасындағы білім алшақтығын қысқартуға қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, бұл шағын жинақты мектептерге қатысты мәселе. ЖИ технологияларын енгізу ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау үшін өте маңызды. Сондықтан еліміз шын мәнінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруды мақсат етеді. Бұл Әділетті Қазақстан құрудың негізгі алғышарттарының бірі болмақ.

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллект білімді дамытуға және таратуға оң ықпал етеді. Жана технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түп-тең келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс.

— Бұл — озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз. Оқушыларға берілетін білімнің мазмұны және оның сапасы дұрыс болуы керек. Ең жақсы алгоритмнің өзі қате немесе жеңіл-желпі материал әзірлеп беруі мүмкін. Қайталап айтамын, жасанды интеллектті білім беру ісінде көмек құралы ретінде қолдануға болады. Алайда білімнің сапасына және тәрбиелік мағынасына машина емес, адам жауапты болуға тиіс. Оқу материалының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуын, оның ғылыми және мәдени талаптарға сай келуін мұғалім қадағалап отыруы керек. Ұстаз сапалы білімнің

басты кепілі болып қала береді. Сондықтан Үкімет мемлекеттік стандартқа сәйкес сапалы контент жасауға мүмкіндік беретін ұлттық білім беру платформасын әзірлеуі қажет. Осы тұста бір мәселені арнайы атап өткім келеді: біз жасанды интеллект саласында ең алдымен өз елімізден шыққан өнімдерді пайдалануымыз керек, — деді Президент.

Мемлекет басшысы білім беру саласына жасанды интеллекттің кеңінен енгізу барысында оның қауіп-қатерлерін қаперден шығармауды ескертті. Ең алдымен, жасанды интеллекттің теріс пияғыда пайдалану секілді этикалық мәселелер сөз болып отыр. Нейрожелі берген жауапқа сеніп, оқушылар сыни пайымдау, іздену және сараптау қабілетінен айырылып қалуы мүмкін. ЖИ білім беру үдерісін жетілдіруге тиіс, бірақ оның іргелі негізін алмастырмауы керек. Сондықтан Президент Үкіметке академиялық алалдықты қамтамасыз ету бағытында кешенді шаралар қабылдауы қажет екенін айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек нарығындағы жағдайларға да тоқталды.

— Көптеген кәсіп иелерінің жұмысын енді автоматты жүйе атқаратын болады. Мұндай үрліс қазірдің өзінде жүріп жатыр. Бұл бірқатар мамандықтың ескіруіне, яғни көптеген адамның жұмыссыз қалуына әкеп соқтырады. Бұл — аса өзекті мәселе. Осы жұмысты жүзінде бастап қала алмасақ, мұндай үрдістің әлеуметтік салдары ауыр болады. Жұмыссыздық белең алып, тұрмыс сапасы төмендеп, әлеуметтік теңсіздік күшеюі мүмкін. Бірақ бұл жерде де жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға болады. Мәселен, ақылды технологиялар қызметкерлердің мықты не әлсіз тұстарын айқындап, кәсіби шеберлігін дамыту үшін нақты ұсыныстар бере алады. Мамандарды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға кең мүмкіндік жасап, күні бұрын әрекет етуге тиіспіз. Бұл ретте тым үлкен қайта даярлау орталықтарын құруға бюджеттен миллиондаған қаржы шығындаудың қажеті жоқ. Жасанды интеллекттің әлеуетін сауатты қолдана білген жөн. Біздің міндетіміз — жұмыссыз қалудың алдында тұрған миллиондаған адамға жана мүмкіндік беру. Басқаша айтсақ, жасанды интеллекттің орасан зор әлеуетін жана жұмыс орындарын ашуға, адам капиталын күшейтіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға пайдалану керек. Үкіметке жасанды интеллект негізінде әзірленген ұлттық онлайн-платформаны іске қосуды тапсырамын. Сол арқылы жұмыссыз қалған мамандарды болашақта сұранысқа ие болатын кәсіпке бейімдеу қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біздің цифрлық стратегиямызда ұлт мүддесі басты орында тұратынын жеткізді.

— Шын мәнінде, негізгі мәселе жасанды интеллект қана емес. Ең бастысы — елдің егемендігі, ұрпақтың болашағы. Үкімет бүгін айтылған ұсыныстың бәрін мұқият қарастырады. Сөз соңында бір мәселені атап өткім келеді. Жасанды интеллект — цифрлық экономиканың негізгі қозғалыс күші. Сондықтан кеңестің келесі отырысын осы тақырыпқа арнаулы ұсынамын, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңес отырысы аясында ұйымдастырылған цифрлық шешімдер көрмесімен танысты.

Ustem Foundation қоғамдық қоры, Freedom Bank, Yandex Qazaqstan, Kaspi, «Қазақтелеком» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан темір жолы» АҚ және басқа да отандық жетекші компаниялар мен ұйымдар ЖИ саласындағы жобаларын көрмеге қойған. Экспозициялар білім беру, мәдениет, логистика, «ақылды қала» технологиялары секілді ауқымды бағыттарды қамтыды. Сонымен қатар туристік онлайн қызметтері, генеративті ЖИ платформалары, B2B-агенттері мен АІТУ отандық мессенджері таныстырылды. Көлік бағытында жана буынды 5G базасында тасымалды басқару мен телекоммуникацияға арналған ЖИ негізіндегі кешенді жүйелер көрсетілді.



МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

(Басы 1-бетте)

Осы орайда Президент тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, арнайы сертификаттар табыстағанын және бұл дәстүр жалғаса беретінін жеткізді. Мемлекет басшысы ел жастарына зор үміт артып, өскелең ұрпақтың ертеңіне үлкен сеніммен қарайтынын айтты.

— Қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Біз осы мәселе баса назар аударуымыз керек. Бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажет. Биылдан бастап барлық мектептің оқыту үдерісіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатыр. Басты мақсат — жас ұрпақтың санасына жалпыхұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды отаншыл рухта тәрбиелеу. Қазір бүкіл халық «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруға қомақты үлес қосып, осы маңызды жұмысқа белсенді түрде аталысууда. «Таза Қазақстан» жалпыхұлттық қозғалысы — жай науқан емес, бұл — мән-мағынасы терең, еліміздің болашағына тікелей қатысы бар жұмыс. Сондықтан мен барлық мұғалімдер қауымына осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ұлт сапасының мықты болуына әсер етеді. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар. Мен Тамыз конференциясында білім беру ісіне қатысты бірқатар өзекті мәселелер арнайы тоқталды. Үкіметке нақты тапсырмалар бердім. Оқу-ағарту министрлігі барлық жұмысты уақыттылы әрі сапалы орындауы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс болатынын атап өтіп, заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндеп, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

— Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы — қазіргі заманның ақиқаты. Сол себепті

ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯ ҚАЗАҚСТАНҒА ОҢ БАҒА БЕРДІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясының отырысына қатысты. Онда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан демократиялық реформалардың іске асырылу барысы талқыланды. Франция Республикасына сапары аясында палата Спикері ЕКПА төрағасы Теодорос Русопулоспен, ЕКПА-ның Қазақстан бойынша баяндамашысы Жолт Неметпен, ЕКПА-ның Саяси мәселелер және демократия жөніндегі комитетінің төрағасы Бертран Буикспен және Еуропа кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсемен кездесті. Сондай-ақ «Қазақстанның өркендеу жолы: демократиялық реформалар және парламенттік дипломатия арқылы бірлік» атты дөңгелек үстелге қатысты.

«Парламенттік Ассамблея Қазақстанның демократиялық реформаларды жалғастыруына қолдау көрсетуге тиіс». ЕКПА-ның пленарлық сессиясында Қазақстан бойынша баяндамашы — Мажарстан Мемлекеттік жиналысы Халықаралық істер комитетінің төрағасы Жолт Немет осындай үндеу жасалды. Саясаткер Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар елдің ашықтыққа, биліктің азаматтар алдындағы есептілігіне және адам құқықтарының басым болуына бейіл екенін көрсететінін атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қызметіне кіріскен сөттен бастап біз Қазақстанның саяси жүйесін жаңғыртып, оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтірген бірқатар реформаның куәсі болдық. 2022 жылы елде өлім жазасы жойылды. Бұл Еуропа кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы ұзақ уақыт бойы дәріптеген тарихи қадам болды. Елде жүргізілген конституциялық реформалар Парламенттің рөлін, институттардың тәуелсіздігін және атқарушы биліктің есептілігін күшейтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары жүзеге асырылып жатыр. Саяси плюрализм кеңейе түсті. Бұл — жай ғана өзгерістер емес, елдің еуропалық құндылықтар бағытына қарай қамтамасыз деген шешімін көрсетті.

мен биылғы халыққа Жолдауымды осы өзекті мәселеге арнадым. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл — ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллектті білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу — бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл — мектептен бастап түбегейлі жана тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мемлекеттік саясатында «Зан және тәртіп» қағидалы үстемдік құратынын жеткізіп, оны жүйелі жүзеге асыру нәтиже бере бастағанына тоқталды.

— 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылықтың саны екі есе қысқарды. Өкілетті органдар бұл бағыттағы кешенді жұмысты жалғастыруы керек. Қоғамда жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыруда Оқу-ағарту министрлігі мен педагогтер айрықша рөл атқарады. Себебі әділдік, зан және тәртіп қағидадары мектеп партасынан бастап орнығуы қажет. Осылай ғана біз өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, шын мәнінде Қауіпсіз, Қуатты және Әділетті Қазақстанды құра аламыз, — деді Президент.

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстазды мемлекеттік наградамен марапаттады. Президент қолынан мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да марапат алды.



тетін нақты мысалдар. Осы ретте Қазақстанда жүргізіліп жатқан ішкі реформалар туралы ғана емес, сонымен қатар аталған елдің бейбітшілікті, тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етудегі рөлі сөз болып отырғанын атап өткен жөн», — деді Ассамблеяның пленарлық отырысында баяндама жасаған Жолт Немет.

Мүгедектігі бар адамдарды, әйелдерді, сондай-ақ осал санаттарды қорғауды күшейтуге арналған және адам құқықтары сапасындағы өзгерістер мен олардың тиімділігіне де жоғары баға берілді. ЕКПА-ның пленарлық отырысында реформалар одан әрі іске асырудың, сондай-ақ оларды барынша толық практикалық имплементациялаудың маңызды екені және бұл Қазақстандағы демократиялық өзгерістерге серпін беретіні айтылды.

«Демократиялық реформа — бұл күрделі және ұзақ процесс. Есепте айтылғандай, кейбір қиындықтар бар. Бірақ біз нақты шешім қабылдадық және осы жолмен жүре береміз. Бұл — біздің Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған батыл саясат. Қазақстан өзінің ұзақмерзімді даму басымдықтарын: зан үстемдігін орнату, адам құқықтарын қорғау, инклюзивті қоғам құру және билік жүйесін ашық рәсімдермен, тежемелік және тепе-теңдік жүйесін демократияландыру сияқты тетіктерді нақты белгіледі. Біз ЕКПА-ның сындарлы тәсілін және реформалар жолында Қазақстанның әрі қарай да қолдауға дайын болуын құптауымыз», — деді Мәулен Әшімбаев пленарлық сессияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде.

Қазіргі өзекті сын-қатерлерді еңсеру және парламенттік диалогті одан әрі нығайту, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу, әлеумет-

тік инклюзия мен ашық сот төрелігін қамтамасыз ету сияқты маңызды мәселелерді талқылау «Қазақстанның өркендеу жолы: демократиялық реформалар және парламенттік дипломатия арқылы бірлік» атты дөңгелек үстелде, сондай-ақ ЕКПА Баяндамасы бойынша ұйымдастырылған дебатта жалғасты.

Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясының күзгі сессиясы алаңында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев ЕКПА Төрағасы Теодорос Русопулоспен, Еуропа кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсемен, ЕКПА-ның Қазақстан бойынша баяндамашысы Жолт Неметпен және ЕКПА-ның Саяси мәселелер және демократия жөніндегі комитетінің Төрағасы Бертран Буикспен екіжақты кездесулер өткізді. Онда Қазақстан мен Еуропа кеңесінің өзара ынтымақтастығын одан әрі дамыту мәселелері сөз болды.

Кездесулерде Қазақстанда болып жатқан демократиялық процестерге және алдағы парламенттік реформаға баса мән берілді. Еуропа кеңесінің басшысы мен ЕКПА өкілдері Қазақстандағы реформалардың барысын, оның ішінде еуропалық депутаттар ерекше тоқталған саяси реформаларды бірыңғай институционалды жүйеге біріктіру арқылы заңнамалық процестің және шешім қабылдаудың тиімділігін арттыра алатын бір палаталы Парламент құру туралы бастама айрықша аталып өтті. Сонымен қатар қатысушылар әлеуметтік интеграция процесінің маңызына және Конституциялық Соттың ұлттық құқық қорғау жүйесіндегі рөліне назар аударды.

Сондай-ақ бүгін Еуропа кеңесінің Жасанды интеллект және адам құқықтары, демократия мен құқық үстемдігі туралы негізделмеік конвенциясы таныстырылды.

БАҒДАР



РАДИОАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді және Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Депутаттар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялады. Келісімге 2020 жылдың 6 қарашасында қол қойылған.

Құжат бойынша баяндама жасаған Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің төрағасы Алмасадм Сәткалиев келісім трансшекаралық тасымалдарды бақылау тиімділігін арттыруға, радиоактивті материалдарды мемлекеттік шекаралар арқылы өткізу кезінде негізсіз кідірістерді болдырмауға, орын ауыстыру мониторингі жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ радиоактивті материалдардың заңсыз орын ауыстыруының жолын кесуге бағытталғанын айтты.

— Мемлекет басшысы атом энергетикасы мен ядролық технологияларды дамыту энергетикалық қауіпсіздікті, ғылыми-техникалық прогресті және елдің атомды бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы халықаралық міндет-мемелерін қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. Осы тұрғыда Қазақстан жоғары халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін заманауи нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырады, сондықтан осы келісімді ратификациялау өзекті, — деді А.Сәткалиев.

Депутат Арман Қалықов қосымша баяндамасында келісімді қабылдау ядролық және радиациялық қауіпсіздікті арттыруға, радиоактивті материалдарды тасымалдауға қойылатын ұлттық талаптарды оңтайландыруға ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен қатар жалпы отырыста 2024 жылғы 10 қазанда Ашхабадта жасалған Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім де ратификацияланды. Ішкі істер вице-министрі Санжар Әділовтің айтуынша, келісім қылмысқа қарсы күрес саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың құқықтық негізін құрады. Онда ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік, террористік және экстремистік қылмыстар,

ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымы, заңсыз көші-хон және адам саудасы саласында екі елдің құзыретті органдарының қарым-қатынасын дамыту көзделген.

Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев келісім екі елдің құқықтық тәртібін нығайтып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашатынын айтты.

— Құжат сұрау салуларды орындау және құзыретті органдар арасындағы ынтымақтастық қылмыстардың жолын кесуге, алдын алуға және ашуға мүмкіндік береді әрі қылмыстық істерді неғұрлым тиімді тергеп-тексеруге көмектеседі. Ізестірілетін адамдарды анықтау, ұстау, қамауға алу немесе олар туралы ақпаратты беру мақсатымен қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық жауапкершілік пен жазаның бұтартпастығы қағидатын қолдануға мүмкіндік береді, — деді депутат.

Келісімді жүзеге асыруға Қазақстанның Ішкі істер министрлігі мен Түрікменстанның Ішкі істер министрлігі жауапты болады. Қазақстан бүгінде 20 мемлекетпен, соның ішінде, Қытай, Түркия, Өзбекстан және басқа да елдермен осындай құжат жасасқан.

Палата комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: Еңбек кодексіне еңбек саласындағы ұжымдық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы; Қазақстан мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.

Мәжіліс «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменованың Оқу-ағарту министрі болып тағайындалуына байланысты оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады.

Жалпы, отырыс соңында Мәжіліс депутаттары өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 20 депутаттық сауал жолдалды. Олар Мәжілістің ресми сайты мен телеграм арнасында жарияланды.

TAZA QAZAQSTAN ROAD-ЭСТАФЕТАСЫ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ БІР ҚАДАМ



Алматы облысы Тарғап ауылы тұсындағы кемпинг-алянда ауқымды экологиялық бастама – Taza Qazaqstan road-эстафетасының ашылу салтанаты өтті. Бір аптаға жалғасатын ауқымды іс-шара барысында қатысушылар Алматы, Шымкент қалалары және Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары арқылы мың шақырымнан астам жолды еңсереді. Жобаға «Жастар Рухы» жастар қанатының мыңдаған белсендісі мен жергілікті тұрғындар атсалысады. Акцияның басты мақсаты – қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғат пен тарихи мұраға құрметпен қарау және азаматтардың қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін арттыру.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек өз сөзінде жаһандық ғылыми қауымдастық ондаған жылдан бері климаттың өзгеруі, су тапшылығы, ауаның ластануы, орман өрті, топырақтың құнарсыздануы сияқты экологиялық апат қаупі туралы дабыл қағып келе жатқанын атап өтті. Алайда қоршаған ортаны қорғауда тек мемлекет күшінің жеткіліксіз екені айқын, бұл – әрбір азаматтың міндеті. Сондықтан «AMANAT» партиясы road-эстафета арқылы әр қазақстандықтың табиғат пен тарихи мұраны қорғауға үлес қоса алатынын, ал бірлесіп әрекет етсек, экологиялық апаттың алдын алып, елді болашақ ұрпақ үшін жасыл әрі қауіпсіз етіп сақтай алатынымызды көрсетеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Таза Қазақстан» бұл – бір күндік науқан емес, бұл – біздің өмір салтымыз, сондықтан тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Осы сөздер біздің идеялық тұғырнамымызға айналды. Қоғамда табиғатқа, тарих пен мәдениетке, жалпы қоршаған ортаға ұқыпты қарау әдетін орнықтыру қажет. Жастардың бойына нағыз экологиялық патриотизмді сіңіріп, жауапты мінез-құлық қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз», — деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, эстафета аясында тек кокыс жинау ғана емес, депутаттардың халықпен кездесуі, жастарға арналған open-air іс-шаралары, қоғамдық қабылдаулар және таза ауада «Чемпиондық рух» жаттығуы өтеді. Сонымен қатар «Вандализмге жол жоқ!» жобасы шеңберінде «Тұлғалар тұғыры» мемориалдық кешені, «Ақыртас» сарай кешені, «Бірлік» монументі және ежелгі Сауран қалашығы сияқты тарихи нысандар тазартылып, абаттандырылады. Осылайша, road-эстафета табиғатты қорғау,

мәдени мұраны сақтау және экологиялық патриотизмді қалыптастыру міндеттерін тоғыстырады.

«Бұған қоса, акциямыз мәдени-ағартушылық миссиясын да атқарады. Жастар мұндай жұмыстар арқылы тарихты тереңірек танып қана қоймай, табиғат пен мәдени мұраға құрметпен қарауды үйренеді. Себебі кез келген ескерткішті бүлдіру — халықтың тарихи жадына қастандық жасаумен тең. Осыдан екі жыл бұрын «Жастар Рухы» Жастар қанаты вандализмге қарсы қоғамдық петицияны қолдаған болатын. Кейін сол бастама вандализмге қарсы жауапкершілікті күшейтетін заңның негізіне айналып, оған өткен жылы Мемлекет басшысы қол қойды», — деді «Жастар Рухы» төрағасы Акерке Искандерова.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Никита Шаталов Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы экологиялық эстафетаның қоғамдық маңызына тоқталды.

«Бұл эстафетаға депутаттар да, жастар да, волонтерлер мен жергілікті қауым өкілдері де бірдей атсалысуда. Барлығының мақсаты — табиғаттың тазалығын сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау. Осындай игі бастамалар жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастырып, ел ішінде патриотизм мен ауызбіршілікті арттыра түседі. Бұл — әрбір азаматты елдің келешегіне жауапкершілікпен қарауға үндейтін қозғалыс», — деді халық қалаулысы.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Мансұр Ошурбаев Президент Қазақстан халқына Жолдауында «Таза Қазақстан» ұлттық жобасына айрықша назар аударғанын атап өтті.

— Мемлекет басшысы егер осындай белсенді жұмысты жалғастыра берсек,

Қазақстан нағыз жасыл ел болатынын айтты. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, оған ұқыпты қарау тек міндет қана емес, күнделікті өмір салтымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс, — деді ол.

Акция аясында белсенділер мен волонтерлер жол жиегін, автотұрақтар мен кемпинг аумақтарын тазалайды. Жұмыс квадрокоптерлер арқылы жүргізілген аэробарлау деректеріне сүйене отырып ұйымдастырылады. Жиналған кокыс полигондарға жеткізіледі.

— Қазақстан — ұлан-ғайыр даласы бар, табиғаты әр алуан мемлекет. Кең байтақ жері мен қайталанбас табиғатымен танғалдыратын ел. Бірақ осынау кең көсілген байтақ жерімізде кокыс үйіндісі көзге түсіп, өсем табиғаттың ажарын кетіріп жатады. Өткен жылы «Жастар Рухы» Жастар қанатының 2 мыңнан астам белсендісі мен жастастары Астанадан Алматыға дейінгі 1200 шақырымдық жолды жүріп өтіп, 100 тонна кокыс жинады. Биылғы міндет — тек кокыс жинап қана қоймай, оны сұрыптап, елдің экологиялық мәдениетін дамытуға үлес қосу. Бұл игі іске әр қазақстандық үлес қоса алады. Республикамызды бірге таза әрі жайлы мекенге айналдырайық, — деді «Қоғамды экологиялық дамыту орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі Танир Яса.

Айта кетейік, «Таза бейсенбі» акциясы аясында «AMANAT» партиясының мүшелері мен «Жастар Рухы» белсенділері бір жарым жылға жетпейтін уақытта 1000-нан астам ластанған аумақты тазартып, абаттандырды. Іс-шараларға 90 мыңға жуық адам қатысып, 160 мың тоннадан астам кокыс шығарылды.

Экологиялық мәселелерді шешу — «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы маңызды басымдықтардың бірі. 2027 жылға дейін тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және қалға жарату үлесін 36%-ға дейін арттыру, Жайық өзенінің экожүйесін қалпына келтіру, Балқаш көліне тұрақты су ағынын қамтамасыз ету, ауа сапасының индексін енгізу, кәсіпорындардың ластаушы заттар шығарындыларын 40%-ға дейін төмендету, сондай-ақ 14 жана су қоймасын салу және қолданыстағы 16 қойманы қайта жаңғырту жоспарланған.

Елнар ЕЛТАЙ

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Биыл алғашқы 8 айда Қазақстанда көмелетке толмаған балалар арасында 122 өз-өзіне қол жұмсау фактісі тіркелді. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,5%-ға төмен. Бұл туралы «AMANAT» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің отырысында айтылды. Кеңес төрағасы, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева былтыр ашылған психологиялық қолдау орталықтары барлық өңірде суицидтің алдын алудың негізгі институционалдық құралы болғанын атап өтті.

Оның айтуынша, басты міндет — өз-өзіне қол жұмсау тәуекелдерін уақтылы анықтау және мұқтаж жандарға дер кезінде қолдау көрсету. Ол үшін психологиялық қолдау орталықтары мектеп психологтарының жұмысын жүйелі әрі кәсіби тұрғыда ұйымдастыруы аса маңызды.

«AMANAT» партиясының Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңесі алаңында еліміздің барлық өңіріндегі орталық жетекшілері жиналды. Оның жұмысына Мәжіліс депутаттары, министрліктердің, әкімдіктердің және бейінді ведомстволардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен әлеуметтік педагогтар қатысты.

Жағымсыз жағдайлардың басым көпшілігі Түркістан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда облыстары мен Алматы қаласына тиесілі — 56%. Жоғары өсім Жамбыл, Қостанай, Қарағанды және

Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады. Алматы облысында 10 жылда алғаш рет өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларының айтарлықтай төмендегені айтылды. Шымкентте де азайып келеді. Абай облысында да осындай оқиғалар саны екі есе азайды.

2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша, психологиялық қызметті трансформациялау жұмысы жүргізілді. Өңірлерде балалар арасындағы суицидтің алдын алу мәселелерін үйлестіру жұмысы орталықтарға бекітілді. Биыл маусым және қыркүйек айларында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Кариннің төрағалығымен облыс әкімдері орынбасарларының, уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен кезекті кездесу өткізілді. Онда балалар қауіпсіздігіне қатысты барлық мәселе пысықталды. Көмелетке толмаған балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша жүйелі тәсіл енгізу жөнінде



Психологиялық қолдау орталықтарының қызметі айқындалды.

«Бүгінде біздің басты мақсатымыз — психологиялық қолдау орталықтарының жұмыс сапасына қатысты барлық мәселені пысықтау. Себебі олар мектеп қабырғасында ерте анықтау жүйесінің сапасын ұйымдастыру кезінде және балаларға көмек көрсету барысында шешуші рөл атқарады. Қай бағыттарға назар аудару керек екенін түсіну үшін біз өз-өзіне қол жұмсау фактілері мен әрекеттеріне, соның ішінде баланың мұндай әрекетке бел буу себебіне, диагностика сапасына және одан әрі зерттеулерге кешенді талдау жүргіземіз», — деді Динара Зәкиева.

Талдау жұмысы көрсеткендей, жасөспірімдер суицидінің 62%-ы ата-анамен күрделі отбасылық қарым-қатынасы, соның

ішінде ата-ананың айыбына қалудан қорқуы, мазақ етуі, қатыгездік, қысым мен жоғары талап, бала мүддесін елемей, ата-ананың балаға тиісті назар аудармауы мен қамқорлық жасамауы кесірінен болады. Соның ішінде осындай жағдайдың 10 пайызында балалар қиын жағдайда өмір сүрген, ал 22% жағдайда мектеп қабырғасында өзге балалар мен ересектер тарапынан буллинг жасалған. Бұл ретте оқиғаның 10%-ы әдебиеттің белгілі бір түріне, ойындарға деген құмарлықтан, 5%-ы психикалық ауру салдарынан болды.

Динара Зәкиева атап өткендей, өз-өзіне қол жұмсау фактілерін зерттеу кезінде 44 жағдай бойынша балалар бойынан суицид белгілері анықталғаны белгілі болды. Яғни, оларды құтқарып қалуға болар еді. Алайда

тиімді жұмыс жүргізілмеуіне, мектеп психологтары тарапынан тиісті көмек болмауына және себеп-салдармен жұмыс істелмеуіне байланысты оң нәтиже болған жоқ.

Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова орталықтар жұмысының тиімділігі ең алдымен кадрларға және мамандардың кәсіби даярлығына байланысты екенін айтты.

Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, еліміздің барлық өңірінде әкімдіктер жанынан балалардың құқықтарын қорғау басқармалары құрылды. Бұған дейін мұндай үйлестіруші құрылым болған жоқ. Енді психологиялық қолдау орталықтарының, отбасыны қолдау қызметтерінің және қамқоршылық органдарының кеңейтілген өкілеттіктерімен бірге балалар құқығын қорғаудың жаңа жүйесі қалыптасты. Биыл басқармалар жеті өңірде ашылады, ал келесі жылы тағы он үш өңірде құрылмақ. Соның алғашқысы — Ақтөбе облысы.

Жаңа басқармалардың тиімді жұмыс істеуі үшін Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Зәкиева депутат, «AMANAT» фракциясының мүшесі С.В.Имашевамен бірлесіп, заң жобасына түзетулер әзірледі. Онда осы органдардың мәртебесі, өкілеттіктері мен қызметтері бекітілді.

ҚОҒАМ

2 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Таяуда Қазақстанның көлік-логистика саласын дамытып, транзиттік әлеуетті арттыруға септесетін елеулі оқиға болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Достық – Мойынты» темір-жолының екінші желісі іске қосылды. Жаңадан ашылған даңғыл алдағы уақытта ел бюджетін еселеуге үлес қосып, басқа да бағыттардың өркендеуіне жол ашпақ.

Мемлекет басшысы жуырдағы Жолдауында Қазақстанның транспорттық әлеуетін көтеріп, ел қазынасын ұлғайтуды тапсырған болатын. Соның ішінде «Достық – Мойынты» теміржолының табысты боларына аса мән беріліп келеді. Өйткені бұл – ең ауқымды әрі бірегей стратегиялық жоба. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы, еліміз үшін айрықша стратегиялық маңызы бар жоба болып есептеледі.

– «Достық – Мойынты» жолы – шын мәнінде аса маңызды инфрақұрылым жобасы. Бұл жоба Қазақстанның көлік-логистика жүйесінің дамуына, оның тиімділігін нығайтуға айрықша серпін беретіні сөзсіз. Мен халыққа Жолдауымда, көлік-логистика саласы – экономиканың қозғаушы күші, халықаралық байланысты нығайтатын негізгі фактордың бірі деп атап өттім. Қазақстанның бұл саладағы әлеуеті зор. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады, – делі Президент.

БАЙИМЫН ДЕСЕҢ, ЖОЛ САЛ

Қазақ жері әу бастан тоғыз жолдың торабында орналасқан. Біздің сахара Ұлы Жібек жолының кіндігінде қоныс теуіп, батыс пен шығысқа керуен жолдары арқылы көпестер сауда-саттық жасаған. Қазіргі заманауи теңіз жолдары XV ғасырда пайда болып, сауда-саттық тасымалдау тәсілі өзгерген-тұғын. Ал бүгінгі таңда қайтадан Ұлы Жібек жолы жаңғыра түскендей. Қазіргі ең тиімді һәм әлеуеті зор тасымал құралы теміржол, тасжол бола бастады. Бұл теңізге тікелей шыға

«ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ» – ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНА АЙНАЛАДЫ



алмайтын біздің ел үшін логистиканы жаңғырту өте тиімді болып тұр.

Қазақстан бюджетін еселейтін мұндай ауқымды жоба жұртшылықты сүйсіндіріп, сарапшылардың оң бағасын алып отыр. Белгілі экономист Максат Халық көлік-логистика инфрақұрылымның орасан зор пайда әкелетінін айтып, сонымен қатар мұнай мен газға деген тәуелділіктен арылтатын бірден-бір жол деп сараптайды.

– Мемлекет басшысы Жолдауда транспорттық логистикаға аса мән беріп, экономиканы әртарапандыруды тапсырды. Әсіресе, «Достық – Мойынты» жобасының іске асқандығы – қуантарлық жағдай. Себебі, осыған дейін Қазақстан қазынасына түсімнің 40 %-ы мұнай мен газдан түседі. Ел бюджеті мұнай секторына байланысты бірде көтеріліп, бірде түсіп тұратын. Кейінгі жылдары нәтижелі жұмыстың арқасын-

да тұралау деген жоқ. Қайта ақырындап қазақ экономикасы өсіп келеді. Бүгінде транспорттық-логистика үлесі 22 %-ға жетті. Осылайша, келер жылы ЖІӨ көрсеткіші 6 % болады. Бұл дегеніміз – өте жақсы көрсеткіш. Егер осы қарқынмен дами беретін болсақ, онда мұның игілігін Қазақ елі көреді.

Сонымен қатар Қазақстан – Еуразия құрлығында орналасқан батыс пен шығысты жалғайтын алтын көпір. Орталық Азиядан шыққан жүк тасымалы Батыс Еуропа аумағына жетем дегенше сапалы жол керек. Ал мұндай мүмкіндікті ұсынып отырған бірден бір мемлекет – Қазақ елі! Дана халқымыз «байимын десең, жол сал» деп бекер айтпаған.

ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТ АРТАДЫ

Қазақ жері логистикалық инфрақұрылым жағынан өте тиімді аймақта қоныс тепкен. Қытайдан шыққан жүк

Сонымен қатар Қазақстан – Еуразия құрлығында орналасқан батыс пен шығысты жалғайтын алтын көпір. Орталық Азиядан шыққан жүк тасымалы Батыс Еуропа аумағына жетем дегенше сапалы жол керек. Ал мұндай мүмкіндікті ұсынып отырған бірден бір мемлекет – Қазақ елі! Дана халқымыз «байимын десең, жол сал» деп бекер айтпаған.

тасымалы Еуропаға, одан Орталық Азияға қатынай алады. Ал біздің ел Еуропа мен Азия ортасында алтын көпір болып



Қуаныш ЕРМҰХАНОВ,
«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының
Логистика және тасымалдау департаменті
директорының орынбасары:

БҰЛ ЖОЛ

ЕЛДІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТЕДІ

Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады... Бұл тіркес – белгілі қаламгер Шыңғыс Айтматовтың романының лейтмотиві ғана емес, кең сахара халқының жүрек түкпіріндегі сөзі. Өйткені жүйткіген пойыз қазақ даласының бойындағы қантамыр іспетті. Алыстағы ағайынды жақындастырып, көрші елмен сауда-саттықты жандандырады. Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қосып, жеріміз арқылы 5 теміржол дәлізі өтетінін, оның бәрі әлемнің ең ірі сауда нарығына жол ашатынын атап өтті. Осыған орай, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Логистика және тасымалдау департаменті директорының орынбасары Қуаныш Ермұхановпен сұхбаттастық.

– Ұлы Жібек жолы Қазақстан мен Орталық Азия арқылы өткен. Қазақ жері ежелден Қытай мен Еуропа арасындағы алтын көпір саналады. Ал «Достық – Мойынты» жолының экономикалық маңызы қандай?

– Қазақстан ежелден «Алтын көпір» рөлін атқарған. Ұлы Жібек жолы дәстүрлі түрде Шығыс пен Батысты, Қытай мен Еуропаны жалғаған. Осы тарихи рөлді қазіргі заман шарттарына бейімдеу – стратегиялық міндет.

«Достық – Мойынты» желісі 836 шақырымға жуық қашықтықты қамтиды. Бұл жол Қазақстан мен Қытай арасындағы транзиттік өткізу қабілетін едәуір арттыруға бағытталған.

Екінші, жолдарды салу арқылы жүк тасымалдау қабілеті 5 есеге дейін ұлғаяды. Яғни, қазіргі 12 жүп пойыз 60 жүп пойызға дейін артады. Бұл логистикалық шектеулерді жоюға мүмкіндік береді. Сонымен қатар контейнерлік пойыз-

дардың жылдамдығы да ұлғайтылмақ. Қазіргі 834 шақырым/тәулік көрсеткішінен 1 500 шақырым/тәулікке дейін жету мақсаты белгіленген.

Бұл жол елдің транзиттік әлеуетін күшейтеді, сыртқы сауда үшін логистикалық арзан, тиімді маршрут ұсынады. Сонымен бірге теміржол саласындағы

өндірістерге (рельс, шпала, құрылыс, техника) сұраныс тудырып, жергілікті өндірісті қолдайды.

Жалпы, бұл жоба Қазақстанды халықаралық көлік-логистикалық хабқа айналдыру бағытына үлес қосады.

– «Достық – Мойынты» жолын салуға қанша уақыт кетті? Жұмыс күші жетті ме?

– Жобаның құрылысы 2022-2025 жылдар аралығында жүзеге асырылды.

Бұл ретте, 2022 жылы 17 қарашада екінші жол құрылысын бастау рәсімі өткен. Ал 2025 жылдың ортасынан бастап жолдың кейбір бөлігі мерзімінен бұрын іске қосылған болатын. Мысалы, Мойынтыдан Балқашқа дейінгі бөлігіндегі жүк пойыздарының қозғалысы 2025 жылдың қантарында іске қосылған.

Құрылыс барысындағы негізгі белгілердің көрсеткіштері: теміржол рельс-опшпалы желісі 765 шақырымға дейін (92 %) дайындалған, 86 көпір (93 %) салынған, 255 құбыр (98 %) орнатылған,



мемлекет теміржол инфрақұрылымын кеңейтуге ниетті. Мысалы, «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісінің құрылысы басталды, ұзындығы 152 шақырым. Сондай-ақ «Қызылжар – Мойынты» (329 шақырым) сынды бағыттар да бар.

Жалпы, 2025 жылға 1 700 шақырымнан астам жаңа теміржол салу жоспарланды.

Бұл жобалар, әсіресе Оңтүстік, Шығыс Қазақстан бағыттарындағы теміржол байланысын нығайтып, транзиттік мүмкіндіктерді теңестіретін болады.

– Теміржолшыларға мемлекет тарапынан қандай жағдай жасалуда?

– Мемлекет теміржол саласының машина жасау, құрылыс, логистика секторында локализация деңгейін көтеруге тырысуда. Мысалы, 2024 жылы вагондар мен локомотивтер шығаруда айтарлықтай өсім байқалды.

Сондай-ақ елімізде теміржол машиналарын, бөлшектерін өндіретін кәсіпорындарға қолдау жасалуда. 2024 жылғы деректер бойынша: вагон өндірісі 6,5 есеге, локомотив өндіру 12,4 %-ға өскен.

Айта кету керек, жаңарту және жөндеу жұмыстарына, жолаушылар вагондары мен локомотив сатып алуға бюджет бөлінді. Мысалы, 143 жолаушылар вагоны жаңартылды. Бүгінде қызметкерлердің жаалақысы, әлеуметтік кепілдіктері, кәсіби даярлық, қауіпсіздік шаралары реттелуге тиіс талаптар Үкімет деңгейінде қаралуда.

Бұл ретте, нақты «қаржыландыру мөлшері», «еңбекақы үстемелері», «жұмыспен қамту кепілдіктері» секілді параметрлерге назар аударылады деген сенімдеміз. Жалпы, мемлекет саланы қолдау, технологиялық жаңғырту, өндірісті дамыту бағытында актив қадамдар жасап жатыр.

–Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН



НАРЫҚ

2 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



Салық жүйесін реформалау – биылғы ең өзекті тақырыптың бірі. Экономиканың тұрақты дамуы мен мемлекеттік бюджеттің толықтырылуы салық саясатының тиімді жүргізілуіне байланысты. Үкімет бұл мақсаттың үдесінен шығар-шықпасы уақыттың еншісінде, бірақ дәл қазір ақпарат алаңынан кәсіпкерлердің нәсібі саудаға салынып жатқанын анық көруге болады. Түйткілдің түбі – жақында жарияланған жеңілдетілген декларацияға енетін қызмет түрлерінің тізімі. Қоғамда қызу талқыға түскен бұл «шок тізімге» бизнес-қауымдастық теріс көзқарас танытып отыр. Ал кей сарапшылар жаңа кодекс жұмыссыз жандардың қатарын көбейтуі мүмкін екенін айтып дабыл қағуда.

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

Ұлттық экономика министрлігі жаңа Салық кодексі аясында арнайы салық режиміне (АСР) қатысты маңызды құжаттарды көпшілік талқысына шығарды. Бұл өзгерістер шағын бизнеске қалай әсер етеді?

Басты жаңалық – енді жеңілдетілген декларация негізінде АСР-ді кез келген салада қолдана алмайсыз. Үкімет нақты тыйым салынған қызмет түрлерінің тізімін бекітті. Жаңа талап бойынша, табысы 2,3 млрд теңгеден асатын компаниялар, ірі заңды тұлғалар, құрылыс пен өңдеу өнеркәсібі, жер қойнауын пайдалану, телекоммуникация, қаржы мен сақтандыру, көтерме сауда сияқты салалар жеңілдетілген режимнен шығады. Қысқасы, ірі бизнеске жеңілдік жоқ.

Ал шағын кәсіп иелері үшін мүмкіндік сақталады. Жеңілдетілген салық режимі тұрмыстық қызмет, бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы, қоғамдық тамақтану, тасымал, медицина, білім беру, мәдениет пен спорт секілді халыққа тікелей қызмет көрсететін салаларға қалады. Яғни, В2С бағыттағы шағын бизнес өз жұмысын бұрынғыдай жалғастыра алады.

Бұдан бөлек, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін де жеңілдік қарастырылған. Жұмысшысы жоқ, айына 300 АЕК-тен аспайтын табыс табатын азаматтар аяқкіім жөндеуден бастап, такси қызметіне дейін 46 түрлі бағытта АСР қолдана алады.

БАСТАМАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

Бұл өзгерістердің астарында не жатыр? Үкіметтің уәжі – салықтық әділдікті қамтамасыз ету. Бұған дейін ірі компаниялар салықтық жеңілдетуді теріс пайдаланып, артықшылыққа ие болған. Енді әкімшілендіру күшейіп, салық жүктемесі әділ бөлінбек.

Тәуелсіз сарапшы Айбар Олжай қарапайым кәсіп иелері үшін алаңдайтын себеп жоқ деген пікірде. Өйткені нақты өзгерістердің көбі В2В сегментіне, яғни бизнеспен тікелей жұмыс жасайтын субъектілерге арналған.

– Арнайы салықтық режим халыққа тікелей қызмет көрсететін шағын кәсіп иелеріне сол күйінде қала береді. Яғни, үйдің жанындағы дүкен, шаштараз, тігінші, шағын асхана немесе дәмхана сияқты тұрмысқа қажетті қызмет түрлері бұрынғыдай жұмыс істей береді. Оларға алаңдаудың еш қажеті жоқ. Ең үлкен өзгерістер ірі бизнеске қатысты болып отыр. Біз «В2В» деп атайтын, яғни ірі компаниялармен тікелей жұмыс істейтін кәсіп түрлері арнайы режимнен шығарылды. Неге? Өйткені ірі бизнес салықтан жалтарудың айла-шарғысын осы жерден тапты: өздерінің үлкен кәсіпорнын

САЛЫҚТЫҚ ӘДІЛДІКТІҢ САЛМАҒЫ АУЫР

бірнеше шағын кәсіпорынға бөліп, барлық айналымын жеңілдетілген режим арқылы өткізіп келді. Мұның барлығы, шын мәнінде, мемлекеттің бюджетіне түсетін қаржыны азайтып отырды. Жаңа Салық кодексінің басты мақсаты – дәл осы әділетсіздіктің жолын кесу, – дейді ол.

Сарапшының сөзінше, халыққа қызмет көрсетіп отырған шағын бизнес үшін ешқандай өзгеріс жоқ. Олар бұрынғыдай салықтық жеңілдікпен жұмыс істей береді.

– Бірақ бұл жерде тағы бір мәселе бар. Қазір ЭКЖЖ (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші) тізімі бойынша ел арасында әлі де түсіндіру жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілген жоқ. Кейбір қарапайым азаматтар «Арнайы салық режимі түгелімен жойылып кетті» деп ойлап, қате түсініп жүр. Бұл әрине шындыққа жанаспайды. Сондықтан бізге түсіндіру жұмыстарына көбірек көңіл бөлу керек. Әрбір азамат нақты қай салада, қай кәсіп түрінде жеңілдетілген режим сақталатынын білуге тиіс. Өйткені бұл – тек кәсіпкерлердің емес, халықтың күнделікті өміріне, бағасына, тұрмысына әсер ететін мәселе, – дейді Айбар Олжай.

Ал экономист Бауыржан Ысқаковтың сөзінше, үкіметтің қазіргі ұсынысы тиімді, десе де тәуекелі жоқ емес.

жойыла ма деп қауіптенуде. Бұл күдік тегін емес. Себебі экономикалық шығындардың нақты мөлшері әлі белгісіз, жалпы режимге көшкенде, қандай төлемдер мен жаңа үрдістер пайда болатыны түсініксіз. Әкімшілік шығындардың ұлғаюы, транзиттік шығындар, түсіндірудің жеткіліксіздігі – барлығы да кәсіпкерлерді алаңдатып отыр. Үкіметтің мақсаты – үлкен бизнес толық салық төлеуін қамтамасыз ету. Бірақ асығыстық пен түсіндірудің әлсіздігі кәсіпкерлердің алаңдаушылығын күшейтіп отыр. Сондықтан нақты жеңілдіктер мен өтпелі кезеңдер берілмесе, бұл жаңалық шағын бизнес үшін ауыр сынаққа айналуы өбден мүмкін, – дейді ол.

«ЖЕҢІЛДІК» КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Расымен де, кәсіпкерлер тарапынан әлі де қойылар сауал көп. Қосымша есептілік, ҚҚС тіркеуі, бухгалтер жалдау сияқты шығындар шағын бизнестің мойнына түсуі мүмкін. Бағаның қымбаттауы да ықтимал. Әйтсе де, шенеуніктер бұрынғы ережелердің ескіріп, заманауи экономикалық қатынастарға сай келмейтінін қалқан етіп отыр. Әсіресе, «көленкелі экономиканың ұлғаюы, салықтан жалтару фактілерінің көбеюі жүйенің әлсіз

98,7%, көлік пен қоймада – 96,7%. Бұл сандар бүгінде жеңілдетілген режимнің едәуір бөлігін шағын бизнес емес, экономиканың үлкен сегментіне біріктірілген ірі компаниялар қолданатынын айқын көрсетеді.

– Жалпы алғанда, сөз экономикалық қызметтің 700-ден астам түрі туралы болып отыр. Бұл барлық ЭКЖЖ-нің шамамен 70%-ы. Алайда салық төлеушілер тұрғысынан алсақ, жеңілдетілген режимге тыйым салу кәсіпорындардың шамамен 30%-на ғана әсер етеді, – деді ол.

Жеңілдетілген салық режимі сақталатын екінші топта бизнестің 300-ден астам түрі бар. Олардың қатарында 2 мың шаршы метрге дейінгі сауда алаңдарындағы бөлшек сауда, дәрханалар, қоғамдық тамақтану нысандары, қонақ үйлер, тұрғын үй мен көлікті жалға алу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, жолаушылар тасымалы, балабақшалар мен үйірмелер, медициналық және әлеуметтік қызметтер бар. Тізімге халыққа қажет тұрмыстық және құрылыс қызметі, креативті индустрияның жекелеген түрлері, мәдени

және спорттық нысандар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кіреді.

Осылайша, алдын ала бағалаулар бойынша жеңілдетілген режимді қолдану барлық салық төлеушілердің шамамен 70%-ы үшін сақталады. Бұл дегеніміз, тұрғындарға бағдарланған шағын бизнестің негізгі бөлігі жеңілдетілген салық режимін пайдалануды жалғастырады дегенді білдіреді. Ал ірі және жүйелік қызмет жалпы белгіленген режимге ауысады.

Бұған дейін вице-министр Ержан Біржанов бүгінде салық декларациясын тапсырмайтын немесе айналымын көрсетпейтін кәсіпкерлердің көптігін айтқан болатын: «2 миллион жеке кәсіпкердің 44 пайызы мүлде айналым көрсетпейді немесе декларация өткізбейді. Яғни, 1 миллионға жуық ИП көленкеде отыр. Ал барлық бизнес субъектілерінің ішінде жылына 1 миллион теңгеден көп салық төлейтіндері – небәрі 20 пайыз. Қалған 80 пайызы төлемейді».

Бұл сөздерді қасалық аппараттардың мәліметтері де дәлелдейді: елдегі 400 мыңнан астам құрылғы мүлде чек бермейді, тағы 260 мыңы күніне бір ғана чек соғады.

Сондай-ақ ол 2026 жылдан бастап тұрғын үйді сату мен жалға берудегі ҚҚС-тан босату жеңілдігі алынып тасталатынын мәлімдеді. Дегенмен ішкі туризмге, отандық кітап баспасына және археологиялық жұмыстарға жеңілдіктер сақталады.

ТАРТЫСТЫ КОДЕКСТІҢ ТӘУЕКЕЛДІ ТҰСЫ БАР

Баспа ісі демекші, депутаттар талқылау кезінде де осы мәселеге назар аударып, «16 пайыздық ҚҚС медиаға ауыр тиеді» дегенді ашық айтты. Үкімет жағы болса, салықтық база кеңеюге тиіс деген уәжін алға тартты. Бірақ қарапайым арифметика көрсетіп отырғандай, мұндай өсім газет-журналдардың шығынын арттырып, табысы шамалы редакциялардың жабылуына алып келеді. Экономист Бауыржан Ысқаков салық нормаларындағы теңсіздік әсерінен баспа басылымдарының нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі әлсіреуі мүмкін деген долбар айтты.

– Келер жылдан бастап бұқаралық ақпарат құралының бірі – газет өз өнімін жазылым арқылы таратса немесе дүкен сөресіне қойса – 10 пайыз ҚҚС төлейді. Ал сол газеттің тіршілігін ұстап тұрған басты екі нәрсе – баспа шығыны мен жарнамаға келгенде – салық бірден 16 пайызға көтеріледі. Енді логикаға салсақ, мұндай жүйе газетке дем берудің орнына, оны тұншықтыруға жақын. Өйткені бұл БАҚ-тың негізгі табысы жазылымнан емес, дәл сол жарнамадан түседі, ал басты шығыны – типографиялық шығындар. Егер бұл қызмет түрлеріне ауыр салық салынса, онда редакцияның табысы қысқарып, жаңа жобаларға да, журналистердің еңбеккажысына да қаржы жетпейді. Осындай теңсіздік салдарынан ақпарат құралдарының аяғына тұсау салынып, олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі әлсірей түспек, – дейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының үніне құлақ аспаған Үкімет мына жайтты да назарынан тыс қалдырғандай. Бұл да «Арнайы салық режимінің» айналасындағы дау. Аталмыш режим тегінде шағын кәсіпкерлерге күрделі есеп-қисапсыз жұмыс істеуге, қызметін заңды түрде жүргізуге мүмкіндік береді, қарапайым тілмен айтқанда, кәсіпкер мен мемлекет арасындағы сенімді көпір іспетті. Сондықтан да көптеген кәсіпкер бұл режимнен айырылмауға амал етуде.

Мәселен, өткен апта соңында ақпарат алаңында ірі ритейлерлік

компаниялардың бірі қол қойған хат жарияланды. Онда 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап компания «жеңілдетілген режимде» қалғандармен әріптестікті тоқтатыны айтылған. «Ынтымақтастықты жалғастыру үшін жалпыға бірдей салық режиміне өтулеріңізді сұраймыз», – делінген онда. ШОБ өкілдері «жеңілдетілген режимде» қала береді деп сендірген шенеуніктер бұл шешімнің мұндай салдарын әсте ескермеген болар деп топшылаймыз. Бірақ ресми тұрғыда «қалаған кәсіпкер жеңілдетілген режимде қала алады» деп ақталған үкімет ірі сауда желілері өнімін қабылдаудан бас тартқан кәсіпкерлерге қандай жауап айтар екен?!

Бұл жерде бар кінәні ритейлерлерге арта салуға болады, алайда кәсіпкер әрі блогер Ержан Есімхановтың айтуынша, ритейлерлер «жеңілдетілген режимде» қалғандармен жұмыс істесе, өздері орасан салық төлейді. Қазір ірі сауда желілері өздерінің жеткізушілеріне хабарламалар жіберіп жатыр. Бұл жеткізушілердің көбі – жеңілдетілген салық режимінде жұмыс істейтін компаниялар. Сауда желілері оларды келесі жылдан бастап жалпыға бірдей салық режиміне көшуге шақыруда. Бұл жеткізушілер – жүздеген, бәлкім мыңдаған шағын компания, олар тауар сатып, қызмет көрсетіп отыр. Сауда желілерін кінәлауға болмайды. Себебі жаңа жылдан бастап салық реформасының аясында жаңа ереже күшіне енеді.

– Мысалы, ірі компания бар делік, оған жеңілдетілген режимде жұмыс істейтін кәсіпкер тауар жеткізеді немесе қызмет көрсетеді. Ең қарапайым мысал – компания жеке тұлғадан ғимарат жалға алады. Бұрын мұндай шығындар корпоративтік табыс салығын (20%) есептегенде шегерімге жатқызылатын. Ал жаңа жылдан бастап ондайға тыйым салынады. Себебі қазір бір ірі ЖШС жеткізушіден (жеңілдетілген режимде жұмыс істейтін ЖК) тауарды 100 долларға алады, оны 110-ға сатады. Салықты тек 10 доллар пайдадан төлейді. Ал енді жаңа жылдан бастап салықты бүкіл 110 доллардан төлеуге мәжбүр болады. Сондықтан ірі компаниялар үшін жеңілдетілген режимдегілермен жұмыс істеу тиімсіз болып қалады. Нәтижесінде, олар ондай жеткізушілермен жұмыс істеуден бас тартады. Егер сіз жеңілдетілген салық жүйесінде болсаңыз да, алдыңғы қатарлы клиенттеріңіз – корпоративтік табыс салығын төлейтін ірі компаниялар болса, онда сізге қауіп бар. Яғни, олармен жұмыс істеуіңіз қиындауы мүмкін, – дейді Ержан Есімханов.

Кәсіпкердің сөзінше, Үкімет АСР-ді салықтан жалтару үшін пайдаланғандармен күресемін деп, адал жұмыс істегендер де зардабын тигізіп отыр.

– Яғни, «Жағамен бірге жайын кеткендей» болды. Ал бұл қарапайым жеткізушілер неге жалпы режимге өтпейді дегенге тоқталайық. Жеңілдетілген режимде салық мөлшерлемесі – айналымнан 4%. Ал жалпы режимде – 10%. Егер табыс белгілі бір шектен асса, қосымша 16% ҚҚС төлеу керек болады. Оның үстіне, есеп жүргізу үшін әр кәсіпкерге бухгалтер жалдауға тура келеді, ол да қосымша шығын. Көптеген шағын кәсіпорындар үшін бұл өте ауыр, – дейді кәсіпкер.

Себебі Үлкен компаниялар әдетте ҚҚС төлегенде, өздері басқа жеткізушілерден сатып алған тауарлары мен қызметтерінен төлеген ҚҚС-ты «шегерімге» қоя алады. Яғни, мемлекетке барлық 16%-ды емес, тек «таза айырмасын» төлейді. Ал шағын кәсіпкерлерде ондай мүмкіндік болмайды, өйткені олардың шығындарында «шегерімге» қоятын ҚҚС жоқ. Сондықтан олар үшін 16% ҚҚС толығымен таза шығын болып шығады. Басқаша айтқанда, бұл салық айналымнан (жалпы табыстан) алынып отырған сияқты әсер береді. Ержан Есімханов бұл елеусіз қалған жайттың әрбір азаматтың қалтасына қалай соққы болатынын да тәптіштеп түсіндіріп берді.

– Енді сауда желілеріне тауар жеткізуді жалғастырғысы келетін кәсіпкерлер амалсыз жалпы режимге өтіп, кейін ҚҚС-қа тіркеледі. Бұл олардың салық жүктемесін көбейтіп, шығынын арттырады. Шығынды жабу үшін олар бағаны көтереді, сауда желілері де солай жасайды. Соның акыры, барлық ауыртпалық тұтынушыға, яғни әрқайсысымызға түседі, – дейді ол.

Қорыта айтқанда, салық жүйесіндегі өзгерістер – мемлекет қаржысын толықтыру және теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған ірі қадам. Дегенмен реформаның толық әсері әлі де белгісіз. Бұл реформа адал кәсіпкерлікті қолдау мен бюджет түсімін арттыруға бағытталса да, оның іске асуы нақты түсіндіру мен өтпелі кезеңдерді қажет етеді. Әйтпесе, «он» дегеніміз олай болмай шығып, бизнеске ғана емес бәрімізге де «орынсыз жерден пышақ ұрғандай» болуы ғажап емес.

2 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



— Әлеуметтік паракшанызды карап, тек ұлттық нақыштағы киімді тапсырыспен тігетініңізді білдік. Қазір мұндай киімге сұраныс жоғары ма?

— Өнер университетінде «Театр және костюмдер бойынша суретші» мамандығын меңгердім. Қазір жеке жұмысымды істеп отырмын. Мақсатым — халкымның, ата-бабамның салт-дәстүрін жоғалтпай, оларды заманауи стильге келтіріп, жана қырынан таныту. Оюлы камзол, үкілі бөрік, сылдырлаған шашбау, тіпті түйреуіштерді де жасап жатырмын. Қазіргі ұлттық киімдердің бағасын екі қырынан айтайын: бірі — тренд, екіншісі — өзегін тануға ұмтылу. Мысалы, бізге шетелде тұратын казактар хабарласканда, этно-костюм аркылы дәстүрмен, ұлттық өрнекпен, мәдениетпен қайта қауышкысы келетінін айтады. Сондықтан қандай мақсатта тапсырыс берілсе де, мұндай киімдерге сұраныстың жоғары екенін сеніммен айта аламын.

— Дизайнерліктің ішінен неге дәл этно бағытын таңдадыңыз?

— Бала күнімде мен журналист болуды армандадым, тіпті өзімді шетелде осы салада жұмыс істеп жүргендей елестететінмін. Сол жерде ғана менің арманым орындалатындай көрінетін. Бірақ тағдыр басқаша шешті. Дизайнер болдым. Неліктен дәл этно? Шынымды айтсам, бұл бағытта дамуды жоспарламадым, бірақ ішкі бір күш маған тамырыммен жақын болу кергін сездірді. Арғы атам бір кездері туған даласын, тауларын қалай бейнелеген болса, мен де өз киімдерімде сол туған, этникалық, қазак ерекшелікті жеткізуге тырысамын.

— Оқушы кезіңізде бір суретіңіз Нидерландыдағы көрмеге қойылыпты. Одан кейін байқауларға қатыспадыңыз ба?

КӨЗАЙЫМ

Қазақ бойға бір қасиет, не дарын бітсе, «қанында бар екен» дейді. Қазақ кескіндеме өнерінің негізін қалаған Әбілхан Қастеевтің суреткерлігі кейінгі ұрпағына да дарыған. Шөбересі Айсаным Қастеева бүгінде ұлттық киім өнерін жаңғыртып, оны заманауи сән үлгісіне бейімдеп жүрген жас дизайнерлердің қатарында. Ол әр туындысында ұлттық нақышты жаңа қырынан көрсетіп, оны әлемдік трендке айналдыруды көздейді. Атадан берілген қабілеті мен кәсібі туралы кейіпкерімізбен аз-кем сұхбаттасқан едік.

Айсаным ҚАСТЕЕВА,
дизайнер:

АТАҚ ҚУҒАНДЫ ҰНАТПАЙМЫН

— Иә, бала күнімде шетелдік көрмеге қатысқаным тәжірибе болды. Одан кейін ондай мүмкіндік тумалы. Әрине, бұл ең алдымен өзімнің ізденіс жасамауымнан ғой. Яғни, халықаралық байқауларды, көрмелерді қайдан табуға болатынын іздеп жүретін уақыт жоқ. Күнделікті тұрмыс, бала тәрбиесі, үйдің шаруасы бәрі уақыт алады. Кейде тіпті ондай байқауларды іздеуге деген құлшыныстың өзі болмайды.

— Костюмдеріңіздің құнын қалай нақтылайсыз?

— Әлеуметтік желіде киім бағасын жарияламаймын. Себебі, киімді жалғыз өзім тікпеймін. Бізде шеберлер ауысып тұрады. Тігінші, кестеші, пішетін адам өзгерген сайын еңбекақысы да әртүрлі болады. Әрқайсысының тәжірибесіне байланысты қойылады. Мысалы, бір костюмге үш айға жуық уақыт кетуі мүмкін. Өйткені, материал іздеу, тігу, бояу — бәрі-бәрі өз қолымыздан шығатын дүниелер. Екіншіден, тапсырыс берушінің де талғамы ескеріледі: үлкен ою, ұсақ өрнектің бәрі киімнің құнына тікелей әсер етеді.

— Бұған дейін қандай жұлдыздардың костюмін дайындадыңыз?

— Еліміздің көптеген әртісімен жұмыс істеп үлгердім. Ең жиі тапсырыс берушіміздің бірі — әнші Жазира Байырбекова. Ол әрқашан: «Сіздің талғамыңызға толық сенемін, қалауыңыз бойынша тігіңіз» деп айтады. Балжан Бидаштың ұзатуына арналған образын жасадым. Бұл нағыз фурур болды, қазақ фэшн-индустриясында «жарылыс» жасағандай әсер қалдырды. Өйткені, дәл мұндай ұзату көйлегі бұрын-соңды болмаған еді. Сондықтан Балжан Бидаш киген «Мақта қыздың» көйлегін брендтің ең жарқын туындысы деп есептеймін. Бір кездері Дана Кентай, Ай-




дана Меденова, Ғазиза Әбдінәбиева сынды жұлдыздарға арналған сахналық костюмдерді де тіктім. Белгілі жұлдыздар сахнаға менің қолымнан шыққан киімдерді киген соң, халық арасында мені танып-біле бастады. Бұл маған үлкен қолдау әрі шабыт әкелді. Басында, өнер жолына енді келгенімде, медиа саласының мамандарынан көмек сұраған кездерім болды. Бірақ уақыт өте келе бір шындықты түсіндім: қазір бәрі бір-біріне шын жүреппен, адал ниетпен демеу болатын заман емес екен. Әсіресе, сурет, өнер, дизайн әлемінде бұл анық байқалады, өйткені мұнда бәрі бәсекеге тіреледі. Біреу екіншісіне жол бергісі, көмектескісі келмейді. Сөйтіп, ешкімнен қолдау күтпеуді, өз еңбегіме ғана сенуді үйрендім.

— Мені тағдыр айдап келді дейсіз... Сонда бұл салаға қызығушылығыңыз болмады ма? Үлкен атаныздың халыққа белгілі болуы кәсіби өсуіңізге қалай әсер етті? — Иә, мен Әбілхан Қастеевтің шөбересімін. Көпшілік мені атамның ұрпағы



ретінде жақсы таниды. Әбілхан атамның ұлы Нұртілеу ата гипстен сан түрлі мүсін жасап, колөнермен айналысқан. Қызы Гүлназия тәтем де Т.Жүргенов атындағы өнер ордасында сурет пәнінен дәріс берді. Ал Әбілхан атамның немерелері Дәурен мен Сауран Қастеевтер — қазірдің өзінде шетелге танылған суретшілер. Нағашы жағым да өнерден қалыс қалмаған. Наға-



шы әжем Лиза Қалимова Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында 40 жыл бойы қызмет еткен тұңғыш суретші-реставратор болды. XIII—XIV ғасырларға тиесілі тарихи жәдігерлерді қалпына келтіріп, ұлттық қазынамызды сақтауға үлес қосты. Әжемнің еңбегі еленіп, ол «Құрмет» орденімен марапатталды. Анам — Суретшілер одағының мүшесі, бірнеше еңбегі жарық көрген танымал суретші. Әкем интерьер

дизайны саласында еңбек етті. Ал туған інім арнайы сурет мектебін тәмамдады. Байқасаныз, жақынымның бәрі өнерлі адамдар, мұндай дарын қанмен беріледі дегенге толық көзім жетті. «Мені бұл салаға тағдырдың өзі айдап келді» деуімнің себебі — осы.

Дегенмен, киім үлгілеріне тапсырыс бергендер көбіне мені «Қастеевтің шөбересі» екенім үшін емес, ең әуелі жұмысымның ерекшелігі үшін таңдайды. Туындымды шыққан тегімді таныту мақсатында көрсетпеймін. Өйткені, өзімшілдік пен атақ қуғанды ұнатпаймын.

— Атаңыз туралы естеліктері кімнен көбірек естідіңіз?

— Ата-анам іссапарда жиі жүретін, сондықтан Әбілхан Қастеев жайлы алаңдар, мұндай дарын қанмен беріледі дегенге толық көзім жетті. «Мені бұл салаға тағдырдың өзі айдап келді» деуімнің себебі — осы. Дегенмен, киім үлгілеріне тапсырыс бергендер көбіне мені «Қастеевтің шөбересі» екенім үшін емес, ең әуелі жұмысымның ерекшелігі үшін таңдайды. Туындымды шыққан тегімді таныту мақсатында көрсетпеймін. Өйткені, өзімшілдік пен атақ қуғанды ұнатпаймын.

— Өмір сүру салттарыңыз қандай?

— Туысымның бәрі — сабырлы, салмақты жандар. Біз кәдімгі адамдар сияқты қарапайым өмір сүреміз. Арамызда қаншама марапатқа ие болып, еңбектері газет-журнал бетінде сан мәрте жарияланған, түрлі дәрежеге жеткен адамдар бар. Соған қарамастан, ешқайсысы дандайсып, тәқаппарлыққа бой алдырмайды. Адамның бойындағы қасиет ата-баба-сынан қан арқылы дариды. Егер біреу мансапқұмар, не менмен болса, демек оның бір атасы сондай болған шығар деп ойлаймын. Әбілхан атам да өмірін таршылықта, суық үйде өткізді. Қателеспесем, оның шаңырағына жылу жүйесі ол кісі дүниеден өткеннен кейін бір апта, не бірнеше айдан соң қосылған екен. Атам «ақырын жүріп, анық басып», ең әуелі балалары үшін көздеген мақсатына жеткен.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

МҰРА

ТАРИХИ ТАРАЗДАН ТҮРКІСТАН ТӨРІНЕ



Қолөнер — халықтың жаны, ұлттың ұлы мұрасы. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы өнер түрі халықтың дүниетанымы мен рухани болмысының айнасы іспетті. Сондықтан оған шебердің қолынан шыққан бұйым деп қана емес, ғасырлар қойнауынан сыр шерткен шұрайлы шежіре, тағылымды тарихтың бір парасы деп қарағанымыз абзал.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Осынау ұлттық құндылығымызды заман ағымымен үндестіріп, бүгінмен қайта қауыштырған қалалардың бірі — Тараз шаһары. 2022 жылы екі мың жылдық тарихы бар көне шаһар Дүниежүзілік колөнершілер қалаларының тізіміне енді. Әрине, ықылым заманнан бері сауда-саттықтың ордасына айналған, тарихы тереңде жатқан қаланың бұл тізімге енуі — кездейсоқтық емес, заңдылық. Осылайша, Тараз бұл мәртебеге ие болған әлемдегі 56-шы, ал еліміздегі алғашқы қала атанды.

Ал өткен жылы колөнершілер қалаларының қатарында болуға Алматы қала-

сы лайық деп танылса, күні кеше бұл тізім Түркістан шаһарымен толықты. Соған орай Түркістан төрінде TURKISTAN WORLD CRAFT FEST-2025 атты халықаралық фестиваль өтті. Ұлттық құндылықты ұлықтаған айшықты іс-шараға тараздық колөнершілер де құрметті қонақ ретінде шақырылып, арнайы делегацияны Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков бастап барды.

Халықаралық фестивальға Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай және Ресей мемлекеттерінен 100-ге жуық колөнерші келсе, еліміздің әр аймағынан 300-ге тарта колөнер шебері қатысты. Солардың сапында әулиеаталық 30-дан астам шебердің жүннен жасалған бұйымдары көпшілік назарына ұсынылды.

Маңызы зор іс-шараның шымылдығы Түркістан қаласының рухани-мәдени орталығында орналасқан «Колөнершілер қалашығының» ашылуымен түрілді. Салтанатты рәсімде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров көпшілікті айтулы сөзбен құттықтап, алыстан ат арытып келген құрметті қонақтарға алғысын жеткізді.

— Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» арнайы Заңға қол қойды. Қабылданған Заңда колөнер саласындағы шеберлерге мемлекеттік қолдау шаралары күшейтіліп, жергілікті колөнершілердің кәсібін дамытуға жол ашылды. Ұлттық дәстүрлі қолдау мақсатында «Колөнер қалашығының» құрылысын жүргіздік. Биыл Түркістанға «Халықаралық колөнершілер қаласы» мәртебесі берілді. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан тарихи шаһар ежелден колөнер мен сауда орталығы болған. Қазір облысымызда 130-дан астам шебер еңбек етуде. Кешенде ұлттық колөнердің сан түрлі бағыттары тоғысып, өнірімізге келетін туристер үшін жана мәдени орталыққа айналады. Қалашық тек сауда-саттық орны ғана емес. Бұл — шеберлердің тәжірибе алмасатын, жана туындыларын ұсынатын, жастарды өнерге үйрететін үлкен орталық. Колөнершілер қалашығы Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайтады, — деді Нұралхан Оралбайұлы.

Туристік және мәдени бағыттағы орталық 8 негізгі функционалды бөліктен тұрады. 20 шеберхана, көрме залдары, 2 шоурум, мейрамхана, қонақүй және туристік инфрақұрылымы бар қалашық 2,5 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда шеберлер ұлттық нақыштағы бұйым жасап, көпшілікке ұсынып қана қоймай, тәжірибе алмасады. Нысан құрылысы жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылған.

Келесі кезекте «World Craft Council» халықаралық ұйымының құрметті елшісі



Азиз Муртазаев сөз алып, Түркістан қаласының Дүниежүзілік колөнершілер қалаларының тізіміне енгенін растайтын ресми куәлікті табыстады. Түркістан бұл тізімге қыштан жасалған бұйымдары арқылы кіріп отыр.

Орталық Азия колөнер ұйымының президенті, қырғызстандық Эльдар Аттакуровтың айтуынша, Тараз бен Түркістан қалаларының бұл мәртебеге лайық деп танылуы — Қазақстанның ғана емес, тұтас Түркі елдерінің рухани-мәдени өміріндегі маңызды белес.

— Бұл фестиваль — Орталық Азия кеністігіндегі колөнер шеберлерінің басын қосатын аса маңызды әрі ауқымды мәдени оқиға және ежелгі дәстүрлер мен заманауи көзқарастың тоғысқан, ұлттық мұраны ұлықтайтын бірегей алан. Біз осындай бастамалар арқылы шеберлер еңбегін дәріптеп қана қоймай, бауырлас елдердің рухани сабақтастығын тереңдете түсеміз. Мен осыған дейін былтыр Тараз қаласында өткен колөнер фестиваліне арнайы қатысып, тараздық шеберлердің

еңбегімен жігі танысқан едім. Тараз — тек көне тарихымен емес, колөнер мәдениетінің үзілмей келе жатқан дәстүрімен де ерекшеленетін ерекше шаһар. Осындай халықаралық деңгейдегі іс-шаралар колөнерді тек өткеннің мұрасы ретінде емес, бүгінгі өміріміздің бөлшегі, мәдени дипломатияның маңызды құралы ретінде дамытуға мүмкіндік береді, — дейді Э.Аттакуров.

Фестиваль әрі қарай «Достық үйінде» өткен «Түркістан колөнер мұрасы және туризмнің болашағы» атты халықаралық колөнершілер форумымен жалғасты. Жиында Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков сөз алып, көне шаһардың Дүниежүзілік колөнершілер қаласы атануы саланың өрістеуіне тың серпін бергенін айрықша атап өтті.

— Ұлы Жібек жолының бойындағы талайғы тарихтың куәсі — Тараз қаласы бұл тізімге өзінің үлкен туристік және колөнер әлеуетінің арқасында еніп, құрмет пен мәртебеге лайықты түрде ие болды. Бұл мәртебе шаһарымыздың халықаралық деңгейде танылуына жол ашты. Мәртебе берілген кезде қалада 70-тен астам колөнерші жұмыс істеген болса, қазір олардың саны 250-ден асты, — деді.

Түркістан төрінде үш күнге ұласқан ауқымды фестиваль аясында колөнер көрмелері, шеберлік сабақтары, ұлттық киімдер мен бұйымдар жәрмеңкесі, Fashion этно сән үлгісінің көрсетілімі мен танымал эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Бұл шара екі өңір арасындағы рухани һәм экономикалық байланысты тағы нығайта түскен хак.

ДАМУ

Былтырғы көктемде еліміздің бірнеше өңірінде су тасқыны болып, салаға білікті мамандардың жетіспейтіні көрінді. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы Жарлық шығарып, Тараз қаласынан Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетін құруды тапсырды. Бұған дейін М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің құрамында болған бұрынғы гидрокешен қазір су саласы мамандарын оқытуда.

СУ САЛАСЫНА СЕРПІН БЕРЕР ОҚУ ОРДАСЫ АШЫЛДЫ

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің ректоры Кәмшат Түсіпованың айтуынша, қазір білім ордасы қажетті техникалық-материалдық базамен нығайған. Оқытушылар мен студенттердің саны жыл санап артуда.

— Қазір оқу орнында 2 047 студент білім алып жатса, оларға 117 оқытушы тәлім беруде. Біздің университеттің мамандарына сұраныс жыл санап артатыны анық. Өйткені республика аумағында 5 923 гидро-техникалық нысан бар. Оған каналдар, шлюздер және басқа да құрылымдар кіреді. Барлығы кеңес дәуірінде салынған. Бұл нысандарға



жай ғана бақылау емес, уақытылы жөндеу, жаңғырту қажет. Сонымен қатар жана гидротехникалық құрылыстар да жүргізілуге тиіс, — дейді Кәмшат Маратқызы.

Кейінгі бір жыл ішінде университет халықаралық байланыстарды күшейтіп, білім беру сапасын арттыруға және ғылымды дамытуға белсене кіріскен. Ректор Кәмшат Түсіпованың айтуынша, шетелде студенттердің өз елінен тыс жерде бір семестр немесе бір оқу жылын оқып келуі — қалыпты құбылыс. Алайда елімізде бұл бағыттағы жұмыстар кенжелеп қалған. Сондықтан Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті шетелдік білім ордаларымен келіссөздер жүргізіп, студенттердің сыртта білім алуына бар мүмкіндіктерді жасауда. Атап айтсақ, Венгрия мемлекетінің Обуда университетімен мәмілеге келіп, 400 студент тегін оқуға мүмкіндік алған. Жана оқу жылының өзінде 45 студент шетелге аттанып отыр. Сондай-ақ Венгрияның Corvinus университетімен бірлесіп, «Су ресурстарын басқару және су дипломатиясы» мамандығы бойынша қос дипломды магистратура бағдарламасы ашылған. Оған қазір Су ресурстары және ирригация ми-

нистрлігінің 29 қызметкері құжат тапсырып отыр.

— Жоғарыда айтылған жетістіктерден бөлек, тұңғыш рет «Су ресурстарын басқару» бағыты бойынша PhD-докторантура бағдарламасы іске қосылуда. Бұл бағдарламаға тек министрлік пен оған қарасты мекемелердің қызметкерлері қабылданады. Мұның басты мақсаты — мемлекеттік деңгейде ғылыми негізделген басқару және су дипломатиясы тәсілдерін меңгерген мамандар даярлау. Сонымен қатар университет Erasmus Design Measures грантын жеңіп алды. Жоба аясында жана қос дипломды бағдарламалар әзірленіп, Су дипломатиясы орталығы құрылады. Жеті елдің университеттері қатысатын дипломатия орталығының алғашқы халықаралық кездесуі 29-31 қазанда Буда-

дамуы, техниканың өсуі, ақпарат ағынының ұлғайғаны соншалық, мұғалімдерге де, студенттерге де барлық қажетті білімді толық қабылдап талдау оңайға соқпады. Ал Болон үдерісінің мақсаты — нақты бір саланың ғана мамандарын даярлау емес. Оның басты артықшылығы — жаһандану жағдайында халықаралық білім стандарттарын біріздендіру, жоғары білімнің қолжетімді әрі қамтушы болуын қамтамасыз ету, студенттер мен оқытушылардың, зерттеушілер мен басқарушылардың еркін алмасуына жол ашу. Сондай-ақ әркім өз қабілеті мен қызығушылығына қарай жеке оқу жоспарын құрып, білімін жетілдіре алады, — дейді Кәмшат Маратқызы.

Ректор университеттің бұрынғы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтынан қалған материалдық базасын да жаңғыртуға кіріскенін айтты. Қазір демеушілердің қолдауымен мелiorативтік-әдістемелік кешеннің құрылысы басталған. Университеттің кең аумағы мен әртүрлі мақсаттағы ғимараттарының болуы түрлі бөлімдер мен зертханалар ашуға мүмкіндік туғызып жатыр.

Университетке Қытайдың Солтүстік Су ресурстары және электроэнергетика университетінің делегациясы ресми сапармен келген. Онда академиялық ұтқырлық, қос диплом, халықаралық зертханалар құру мәселелері талқыланды. Жалпы, әлемге танылған бұл университетте 24 оқу мектебі мен факультет, 174 ғылыми-зерттеу институты болса, онда 40 мыңнан аса студентке 2 000 оқытушы дәріс береді. Осы университеттің үш түлегі ҚХР Су ресурстары министрі болған.

— Бұл сапар Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми серіктестікті жана деңгейге көтеріп, Таразды Орталық Азиядағы су ғылымының маңызды орталығы ретінде танытады деген сенімдеміз. Келіссөзде Таразда бірлескен Хуаю колледжін ашу да сөз болды. Бұл қытай-қазақ студенттерінің білім алу мен зерттеулер жүргізуінің алаңы болады. Аймақтағы университеттің халықаралық аренаға шығып, Орта Азиядағы су ғылымының орталығы ретінде имиджін көтеріп, жергілікті биліктің ғылымды қолдауға деген стратегиялық рөлін арттыралы, — дейді университет ректоры Кәмшат Түсіпова.

Міне, осылайша, жана су шаруашылығы және ирригация университеті болашаққа алғашқы қадамдарын жасауда. Құрылғаны кеше болса да, оқу орнының мақсаты айқын, жоспары жұмыр. Қазір Жамбыл облысында аталған университетке оқуға түсуге ниетті жастар көп.

МӘСЕЛЕ

БАЯУ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЗАРДАБЫН БАЛАЛАР ТАРТТЫ

Атырауда әлі күнге дейін 9 мектептің оқушылары үш ауысымда білім алуға мәжбүр. Оқу жылының басталғанына қарамастан, қалада әлі күнге дейін бірнеше мектеп құрылысы баяу жүріп, бітпей жатыр. Біз Атырау қаласында құрылысы жүріп жатқан бірнеше мектепті аралап, жағдайды көзбен көрдік.

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Облыстың Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметінше, қазір өңір бойынша 16 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар 5 мектепке қосымша жапсарлас ғимарат салынууда. Осы күзде Жұлдыз-3, Аксай ауылындағы мектептер пайдалануға беріледі деп күтілуде. Сондай-ақ жыл аяғына дейін Құлсары, Құрманғазы ауданындағы Құрманғазы және Ақкөл ауылдарындағы мектептер тапсырылады.

Құрылыстың баяу жүріп жатқанын жоғарыда айттық. Енді сол мәселеге тоқталайық. Атырау қаласы маңындағы Көктем шағынауданының тұрғындары мектепке қатты мұқтаж болып отыр. Бұл ауданның балалары көршілес ауылдарда оқиды. Мұны ескерген жергілікті билік 2022 жылы шағынауданға 600 орындық мектеп құрылысын салып бастады. Алайда араға екі жыл салып қолданысқа берілуге тиіс мектеп әлі күнге дейін аяқталмай отыр. Бұған әрине, жергілікті жұрт наразы. Журналистерді шақырып, талай шағымдарын да айтты.

Мәселенің себебін мектеп құрылысын жүргізіп жатқан мердігер мекеме «Еврострой» компаниясынан сұралдық. Бас директоры Ризабек Өтегеновтен білгеніміздей, құрылысы 2022 жылы басталғанымен, мектептің жобалық-сметалық құжаттамасына бірнеше рет түзетулер енгізілген.

«Сол себепті құрылыс тұралап қалды. Бұл ауылға мектеп керек екенін сезініп отырмыз. Қазір мектепте құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бірақ біз әлі күнге дейін жобаның қосымша түзетулерін алмадық. Құрылыс басқармасы түзетулерді қыркүйектің аяғына дейін жеткізеді деп күтіп отырмыз. Мектепті қараша айында толық аяқтауды жоспарлады. Бүгінге дейін біз бюджеттен мектеп құрылысы үшін қаражаттың 25 пайызын ғана алдық. Мектепті негізінен өз қаржымызға, оның ішінде несие алып салып жатырмыз. Осы айда асфальт төсеу, ауладағы спорттық алаңды салып аяқтауды көздеп отырмыз. Қазір мектепке қажетті барлық жабдық жеткізіліп жатыр», — деді «Еврострой» ЖШС бас директоры Ризабек Өтегенов.

Атырауда былтыр берілуге тиіс болған мектеп Көктем шағынауданындағы білім ордасы ғана емес. Атырау қаласы маңындағы Бірік-2 ықшамауданында 600 орындық мектеп, Таскала ауылындағы 600 орындық мектеп және Еркінқала-2 ауылындағы жергілікті бюджет есебінен салынып жатқан мектептер де былтыр пайдалануға берілуі керек еді. Қазір бұл мектептердің барлығында да құрылыс жүріп жатыр. Бір қызығы, бұл үш мектептің де құрылысын «Тараз-құрылыс инвест» компаниясы жүргізіп отыр. Аталған мердігер мекеменің өкілі Нұрбол Абдрасиловтың айтуынша, Еркінқала-2 ауылындағы 600 орындық мектеп қыркүйек айында тапсырылады. Алайда бұл мектепте 1 қыркүйек күні алғашқы қонырау соғылмады.

— Бұл мектептің құрылысы 2022 жылы басталды. Көп ұзамай құрылыс тоқтады. Себебі жобалық-сметалық құжаттамада қателіктер болуына байланысты тапсырыс беруші Құрылыс басқармасы тарапынан қайта өзгерістер енгізілді. Қазір мектептің құрылысы толық аяқталды, енді ішкі әрлеу және мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүруде, — деді «Тараз-құрылыс инвест» компаниясының өкілі Нұрбол Абдрасилов.



Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Нәсіп Шалабаева әлі күнге дейін Атырауда үш ауысымды мектептердің проблемасы шешілмей отырғанына алаңдаулы.

— Биылғы есеп бойынша, «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында Атырау қаласында үш мектеп қолданысқа берілуі керек еді. Бірақ олардың барлығында бірдей алғашқы қонырау соғылмады. Мектептердің құрылысын жобаға енгізілген өзгерістер созып кетіп тұр. Осының салдарынан Атырау әлі күнге дейін үш ауысымда оқу проблемасымен бетпебет келіп отыр. Сондықтан қосымша мектептердің ашылуы өте маңызды, — деді ол.

Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бас маманы Ернар Қалырбайдан мектептердің жобалық-сметалық құжаттамасына өзгерістер енгізудің қандай қажеттіліктен туындағанын сұрадық. Айтуынша, тапсырылуы кешеуілдеп жатқан мектептердің барлығы ескі жобалық-сметалық құжаттама аясында салынып басталған.

— 2017 жылы жасалған жобалар — қазіргі заман талаптарына сай келмейді. Ол кезде мектептерге қойылатын талаптар және құрылыс материалдарының бағасы басқа болатын. Қазіргі стандарттар, материалдар бағасы мүлде басқа. Сол себепті де Құрылыс басқармасы тапсырыс беруші ретінде жобалық-сметалық құжаттамаларға заман талабына сай өзгерістер енгізе алады. Бұл — заңды құбылыс. Әрине, мемлекеттік сараптама қорытындысын алу бір сөтте шешілетін шаруа емес. Бұл процесс уақытты қажет етеді. Халық күтіп отырған білім нысандарының бірі — Көктем ықшамауданындағы мектептің құрылысына енгізіліп жатқан түзетулер қорытындысы жақын арада беріледі. Тек сол ресми шаралардан кейін ғана біз тапсырыс беруші ретінде мердігер мекемеге қаражат төлей аламыз, — деді Ернар Қалырбай.

Құрылысы жүріп жатқан мектептерді аралау кезінде біз қыркүйек айының ішінде қолданысқа берілуге тиіс Еркінқала-2 ауылындағы мектептің еденінен олқылықтар байқалдық. Үш қабатты мектеп дәлізінен толықтай тайғақ кафеель төселген. Бұл жағдай мектеп балаларды қабылдағаннан кейін бас жарып алу, құлау сияқты оқыс оқиғалардың қаупін күшейтуі мүмкін. Сол себепті «АМАНАТ» партиясының Атырау облыстық филиалының Партиялық бақылау жөніндегі инспекторы Абзал Мақсұтұлы дәліздердің төсемесін ауыстыру жөнінде ұсыныс жіберетінін айтты.

Әрине, кез келген мектеп ен алдымен оқушы үшін қауіпсіз болуға тиіс. Біз мектеп дәліздеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын туралы ақпарат іздестіріп көрдік. Қазақстан Үкіметінің «Жайлы мектеп» ұлттық бағдарламасы аясында бекітілген қаулысына сәйкес, мектептерде керамигранит, гранит немесе мәрмәр материалдан соғылған кафеель төсеуге рұқсат етіледі. Бірақ ол кафеельдердің беті тайғақ болмауы керек екен. Қалай десек те, партиялық бақылау комиссиясы мүшелерінің ескертпелері ескерусіз қалмайды деп сенейік.

ТЫНЫС

ЕҢБЕК пен ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСҚАН ӨҢІР

Кейінгі жылдары Ақмола өңірі ауыл шаруашылығы, энергетика, әлеуметтік сала, инвестициялық климат пен цифрлық трансформация бағыттарында айтарлықтай нәтижелерге жетті. Бұл Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген стратегиялық міндеттердің облыста жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Заманауи үдерістерге сай, салаларды цифрландыруға баса назар аударылып отыр.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

ТАБЫСТЫ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕПІЛІ

Сандық технологиялар, әсіресе Саймақтың басты экономикалық драйвері ауыл шаруашылығында кеңінен қанат жайғанын атап өткен жөн. Мәселен, Есіл ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Марат Ахметжанов жергілікті шаруалармен кездесіп, ауыл шаруашылығындағы цифрландырудың нақты жемістерін атап өтті. — Digital Aqmola орталығы сіздердің иеліктеріңіздегі ақпаптарды цифрлап, жасанды интеллект құралдарын толыққанды қолдануға мүмкіндік береді. Бұл — уақыт талабынан туған қажеттілік әрі болашаққа жасалған үлкен кадам, — деді Ақмола өңірінің басшысы.

Расында да, жана цифрландыру технологияларының арқасында мұндағы шаруашылық серіктестіктердің табистылығы едәуір артты. «Дихан+» ЖШС жасанды интеллектіні пайдаланып, астық дақылдарын өсіруде бұрынғы жылдармен салыстырғанда, аса жоғары



өнімділікке қол жеткізсе, «Заречный» серіктестігі барлық егістік алқабын толық цифрландырған алғашқы кәсіпорындардың бірі болып отыр. Ал өңірдегі көкеңіс өнімдерін шығарумен айналысатын ірі кәсіпорындардың бірі «Органико» ЖШС дәстүрлі дәнді дақылдардан бөлек, картоп, сәбіз, тіпті жылыжайда

Өңірдің ауыл шаруашылығы басқармасының деректеріне сенсек, биылғы егін науқаны тарихтағы ең ауқымды науқанға айналмақ. 5,5 млн гектарға дәнді дақыл егіліп, қазір соның 4 млн тоннадан астамы орылып, элиталық бидайдың алғашқы партиясы шетелге жөнелтілгені мәлім болды.

— 151 мың тонна жоғары сапалы бидайымыз Италия мен Бельгия нарығына жол тартты. Бұл — ақмоалық астықтың әлемдік деңгейде мойындалуының айқын көрінісі», — дейді облыс әкімі.

Сонымен бірге Балтық порттарына тасымалданатын әр тонна астыққа да мемлекет тарапынан 30 мың теңге субсидия берілімек. Фермерлердің шығынын азайтып қана қоймай, экспорттық әлеуетті жана деңгейге көтеретін тетік екені сөзсіз.

Жалпы, Ақмола облысы — өткен жылы да ел бойынша мемлекет алдындағы барлық міндеттемесін толық орындаған жалғыз өңір. Соның нәтижесінде астықты аймақтың аграрлық саласын одан әрі дамыту мақсатында бюджет қоржынынан 243 млрд теңге қаржы бөлінді.

ЖОЛДАУ — ДАМУДЫҢ АЙҚЫН БАҒЫТЫ

Көкшетауда өткен облыстық актив жиынында да өңір басшысы Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген басты басымдықтарға тоқталды. Оның ішінде, макроэкономикалық тұрақтылық, инвестициялық саясатты қайта қарап, цифрлық активтер экожүйесін қалыптастыру, әлеуметтік қолдауды жана деңгейге көтеру, сондай-ақ заң үстемдігін нығайту бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайлы баян етілді.

Облыс әкімінің орынбасары Ернар Жаркешовтің айтуынша, биыл аймақ экономикасына 456 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл сома былтырғыдан 1,5 есе көп. Қазірдің өзінде өңірде 226 жоба жүзеге асырылып, 2,5 мың жана жұмыс орны ашылған. Аграрлық саламен қоса, аймақта индустриалық өндіріс көлемін де арттыруға көңіл бөлініп, 7 бірдей ірі жобаның құрылысын бастау жоспарланыпты.

Сала басшыларының мәліметінше, аймақта алғаш рет майлы дақылдардың жалпы өнімі 650 мың тоннадан асты. Ал ет өндірісі — 7 пайызға, сүт — 4 пайызға өскені аталды. Бұған қоса, ауыл шаруашылығындағы жалақы деңгейі 26 пайызға көтерілгені мәлім болды. Бұл — фермерлердің еңбегінің әділ бағалануының нақты айғағы болса керек.

Мемлекет басшысы Жолдау жолдарында елдің инвестициялық жобаларға да баса назар аудару қажеттігін қадап айтқан. Аймақта іргелі инвестициялық жобалардың да қарқыны жоғары. Мәселен, Есіл ауданында бүгінде 1,7 млрд теңгенің 6 инвестициялық жобасы жүзеге асырылып отыр. Олардың қатарында құрама жем зауыты, майлы дақылдарды қайта өңдеу кәсіпорны, қуаттылығы 100 мың тонна болатын жана элеватор бар. Қытайлық инвесторлармен бірлескен жобалар өңірдің экспорттық әлеуетін кеңейте түспек. Жана кәсіпорындар құрылысымен қатар, ауылдағы су жүйелерін қайта жаңғырту, ескі үйлерді реновациялау және тұрғындарға қолжетімді баспана салу мәселелері де кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

— Жолдауда әділет, даму және оптимизм басты құндылықтар ретінде көрсетілген. Осы құндылықтарды әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналдыруымыз қажет. Сонда ғана біз аймақтың да, елдің де тұрақты өркендеуін қамтамасыз ете аламыз, — деді өңір басшысы.

Облыстың ардагерлері, кәсіпкерлері мен шаруалары да бұл пікірді қуаттап отыр. Олардың айтуынша, мемлекет пен қоғам бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана Ақмола өңірі жана жетістіктерге жетіп, ел экономикасының әділдігіне сапында қала бермек. Бұл орайда заманға сай цифрландыру технологиялары мен жасанды интеллектіге басымдық берілмек.

2 ҚАЗАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



АЛМАТЫДАҒЫ ТАРИХИ ОЙЫН

Шаһар төрінде тарихи матч өтті. «Қайрат» Чемпиондар лигасы жалпы кезеңінің екінші кездесуінде «Реал Мадридті» қабылдады. Орта-лық стадиондағы тартыс 5:0 есебімен қарсыластың пайда-сына шешілді. Иә, есеп көңіл-ді көншітпесе де, жанкүйер жадында сақталары анық. Өйткені Мбаппе, Винисиус, Беллингем бастаған жігіт-тер 6 мың шақырымды артқа тастап, Алтын Орда жеріне қадам басты.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҰРПАҒЫ

Әлқисса, жанкүйер осы жолы да перфоманс жасаудан жаңылған жоқ. «Селтикпен» ойында Еуропа жорығының басталғанын нұсқаса, кеше Descendants of the Golden Horde деген жазуды көтерді. Осылайша, Бату ханның ізбасарлары көрі құрлыққа қарай құлаш ұрды. Әттеген-айы, клубтың шынайы жанкүйерлері алаңнан табылмаған соң жоғарыдағы пермофанстың астынан жорықты бастаған жауынгердің да-уысын анық ести алмадық. Егер «51 сектор» түгелдей «Орталыққа» ойысқанда, Алматы аспаны ерекше жаңғырар еді. Десе де, «Реал Мадридті» бір көрсем дейтін жанның арманы орындалғаны анық.

Сонымен, «Қайрат» ойынды сенімді баста-ды. Шабуылдап та көрді. Әрине, матчтың алғашқы 15 минутын теледидар алдында отыр-ғандар алаңсыз тамашалады деуге келмес. Өйткені телекөрсетілім құқығы бар Qazaqstan мен Qazsport әуреге салғаны рас. Десе де, испан басылымдары бірінші таймда алматылық клуб-тың «Реал Мадрид» ойыншыларының жүйкесін жұқартқанын жазған. Мәселен, Cadena SER радиостанциясы «сарыалалардың» ә дегеннен Куртуаның қақпасын «тексеріп» көргенін айтқан. Мағса болса мадридтік клубтың «Атле-тикодан» кейін өзін жинап, деңгейіне сай матч өткізгенін жазған.

Расымен, кездесудің бірінші жартысында қонақтар алаңға үйренісе алмады ма, ойыны бір ритмге түспеді. Негізі, осы аралықты «Қай-рат» барынша көдеге жаратуы керек-ті. Дастан Сәтпаев пен Жоржиньоның тепкені қиыс кетті. Қорғаушылар да бірінен соң бірі қателесіп, білгенінен жаңылды. Мәселен, Сорокиннің баспен берген пасынан соң қақпашы Қалмыр-за Франко Мاستантуононы құлатып, төреші пенальти белгіледі. Осы аралықта Шерхан Қалмырза Мбаппені біраз «қинаған-ды». 18 жастағы қақпашыдан айласын асыра алмаға-нына бетін басып өкінгені де есте. Сондықтан француздың мұндай мүмкіндікті мүлт жібергісі жоқ. Айтқандай, Мбаппенің 11 метрден тепкен жойқын соққысы қақпа торын тулатты. Бұл сәтте Қалмырзаның терең күрсінгенін сіз бен біз жаксы білеміз. Бұдан әрі қарай «Реал Мад-рид» бірнеше шабуыл жасағанымен, қақпашы орнынан табыла білді. Сол үшін ойын бойы 7 сейв жасаған Шерханға танданбасқа болмас. Кездесуден соң Куртуаның өзі жейдесін ұста-тып, арқасынан қакты. Артынша Instagram-ға

МИЛЛИОН ТЕНГЕ ТҰРАТЫН БИЛЕТ

Аталған ойын десе стадион маңындағы ығы-жығы халық, қақпадан ентелей кірген жанкүйер елестейді. Бір-бірін таптап кетердей билет үшін таласты біз ғана емес, испан басылымы да жазды. Мысалы, AS газеті 23 мың орынды стадионнан матч тамашалау үшін 80 мың адам кезекке тұрғанын айтқан. Билет бағасы 250 мың тенгеге дейін жетіп, бұл елдегі күнкөріс деңге-йінен бірнеше есе жоғары баға екенін атап өткен. Ойынды алаңнан тамашалаған журналистер де ұзын-сонар кезекке тап болғанын, осындай баға қоятыны бар соған сай жағдай жасау керегін жеткізді. Негізі, жанкүйерлер стадион маңына кездесу басталардан 4 сағат бұрын жиналған. Алайда тәртіп сақшылары оларды екі сағаттан кейін кіргізген.

— Матч басталуға 2,5 сағат қалғанда ста-дионға келдім. Аккредитация бола тұра, кіру мұң болды. Қайта халыққа рақмет, «Әлімжан Аскарды өткізіндер» деп жол берді. Билетпен кезекте тұрған жанкүйерге қиын. Ең қызығы, матч біткен соң журналистер мен ойыншылар флеш интервью жазуы керек. Интервью орны стадионнан басқа жерде орналасқан екен. Соған барар жолда тәртіп сақшылары тұрды да, флеш-зонаға өткізбеді. Журналист екенімізді, сұхбат алатынымызды айтып қала бердік , — деді спорт журналисі Әлімжан Асқар.

Бұл туралы жанкүйерлер де әлеуметтік желіде қызу талқы жасады. Оған қоса, билетке әрең қол жеткізгендердің алаңнан үні шықпағаны да сөз болды. «Орталық» стадион лық толға-



бірге түскен суретін жүктеп, ақ жол тілейтінін жеткізген екен.

Мбаппе дейтін сабаздың бір пенальтимен тыншымасын әуелден сездік. Екінші таймда да ойқайтас шабуылдап, ақыры арасына жиырма минут салып екі гол соқты. Сонымен, хет-трик жасап, матчтың үздік ойыншысы атанды. Үздік дейміз-ау, ойында шабуылдау бөлек, оны ұй-ымдастыру бір басқа. Осындайда түріктін Арда Гүлері камшы салдырмады. Былтыр Анчелот-тиға қасарысқандай клубқа қалып еді. Сонысы бекер емес екен. Биыл Алонсо футболшының шырағын жағыпты. Орталықтан ойынды жүр-гізіп, Мбаппеге аяқтың ұшымен асырған па-сына көзін қызығады. Сөйтіп, Мбаппе, Гүлер, Родриго үштігі матчтың көркін қыздырды. Ро-дриго да барын салды, Мадридтен ат терлетіп бекер келдім бе дегендей қазақ жанкүйерін қуантып қайтты. Одан бөлек, Камавинга мен Диастын Алматыда «оталғанын» қосыңыз. Қос ойыншының мұнша жұлдыздың арасында бағы жанбай қалды-ау деп ойлаған реалфандар сүй-сінді, білем. Десе де, «Қайрат» үш бұрыштама көтерді, Луиш Матанын өдемі соққысын Кур-туа тойтарды. Әсіресе, екінші таймның ортан белінде Эдмилсон, Зария, Филью кірген соң ойын түрленіп сала бергені тағы бар.

«Реал Мадрид» — алпауыт команда. Ой-ыншысының әрқайсысы жүздеген миллион еуро тұралы. Соған сай деңгейі де бөлек. Егер төреші бізге пенальти беріп, Дастан Сәтпаев Куртуаның қақпасын дәл көздегенде мереке болар еді. Мадридтік клубтың миллиондаған жанкүйері ойын тамашалады. Алматы деген қала, «Қайрат» дейтін команда барын көрді. Қорыта келгенде, «Қайраттың» Чемпиондар лигасында ойнауы елдегі өзге клубқа мотива-ция болуы керек. Қаншама қаржы тапты, та-нылды. Еуропа футболы — жарқын болашаққа бастар жол. Осы жолдан таймай, дамудың жана сатысына көтерілген жөн», — деді матчтан соң спорт журналисі Ермұхамед Мәулен.

“**Мадридтік клубтың миллиондаған жанкүйері ойын тама-шалады. Алматы деген қала, «Қайрат» дейтін команда барын көрді. Қорыта келгенде, «Қай-раттың» Чемпиондар лигасында ойнауы елдегі өзге клубқа мотивация болуы керек.**

нымен, атмосфера жасай алмады. «Қайрат, алға!» деп дауысы қарлыққанша қолдау білдіргендер санаулы. Осы матчпен қатар өткен «Галатаса-рай» — «Ливерпуль» кездесуінде түрік жанкүйерлері күні бұрын қарсыласқа «қысым» көр-сетіп, алаңында алапат қолдаумен қарсы алған. Ағайынның ақыра шыққан дауысынан қорықты ма, стадионның сесі басты ма, «Ливерпуль» басын төмен салған күйі Англияға жол тартты. Қош, қазақтар дәл мұндай қолпаштамаса да, матч бойы «Қайраттың» атын тынбай ұрандатуы керек-ті. Бірақ олимпиадалық стадионнан фут-бол тамашалаудың қандай қиын екенін ескерсек, оларға да кінә қоя алмаймыз.

Одан бөлек, спорт журналистері стадионның сыйқы сын көтермейтінін атап өткен. Өйткені бір миллион тенге тұратын мәнінісін матч билетіне ауыстырып алған да бар. Қазақстанның өзге қаласынан келгендерден басқа, елімізде 5 мың турист жиналыпты. «Реалды» көріп мез болды, білем, алайда орталық стадионның жай-күйіне бас шайқағаны анық. Айтпақшы, жанкүйер қатарында Алматы әкімі де, бұрын қаланың «кілтін» ұстағандар да отырды. Мүмкін, матч арасында «кезінде академиясы бар «Қай-раттың» бетін қақпай, белін бұғанымда қазір мынадан екі есе үлкен стадионда отырар ма едім» деп ойға батқан болар, кім білсін?! Қала әкімі мен «Қайратты» қайдам, алыстан келген «Реал Мадрид» Instagram-ына Алматыдан 40 жазба жа-риялап, қосымша миллион қолданушы жинап, қазақтардың пікіріне «көміліп», қалтасына үш ұпайын салып қайтты.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ

Қазақстандық жүзуші Әділбек Мусин Үн-дістанның Ахмедабад қаласында өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды. Ол 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуде алтын медаль иеленіп, 23.74 нәтижесімен мәреге жетті. Шешуші жарыста тағы бір отандасымыз Максим Сказобцов (23.90) үшінші орынға табан тіреді.



Осы бағдарлама бойынша әйелдер арасында өткен жарыста София Әбубәкірова екінші нәтиже көрсетсе, Софья Сподаренко мәре сызығын үшінші болып кесті. Ал Әділбек Мусин, Ғалымжан Балабек, Софья Спо-даренко және София Әбубәкірова 4x100 метрге еркін стильде жүзуден аралас эстафетада үшінші орынға ие болды. Олар 3:35.36 нәтижесімен мәре сызығын кесіп, Қазақстан рекордын жаңартты.

ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ ӨТЕДІ

Қазір ұлттық құрама елордада оқу-жат-тығу жиынын өткізіп жатыр. Одан кейін маңызды республикалық турнир баста-лады.

Қазақстан кубогы 13-15 қазан аралығында өтеді. Оның қорытындысы бойынша жаңа маусымда ел на-мысын қорғайтын және Олимпиадаға жолдама алу үшін Әлем кубогының іріктеу кезеңдерінде сынға түсетін құрама жасакталды.



2026 жылғы Олимпиадаға іріктеу төрт Әлем ку-богы кезеңінен тұрады. Оның біріншісі 14-16 қараша аралығында АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында ұйымдастырылады. Екінші кезең 21-23 қарашада Кана-даның Калгари қаласында өтеді.

Үшінші кезең Нидерландтың Херенвен қаласында 5-7 желтоқсан күндері өтсе, төртіншісі 12-14 желтоқсан аралығында Норвегияның Хамар қаласында болады.

МЫСЫРДАҒЫ ТУРНИРДЕ ТӨРЕЛІК ЕТПЕК

Халықаралық үстел теннисі федерация-сының (ITTF) және Бүкіләлемдік үстел теннисі ұйымының (WTT) Төрешілер комитеті халықаралық санаттағы төреші Гүлназ Жалалдинді 2025 жылғы WTT Youth Contender Cairo турнирінің төрешілер құрамына қосты.

Жарыс биылғы жылдың 29 қазанынан 1 қарашасына дейін Мысырда өтеді.

Гүлназ 2024 жылы Астанадағы Азия чемпионатын-да, WTT Youth Contender Almaty 2023, 2024, 2025, WTT Contender Almaty 2023, 2024, 2025 және Central Asian Regional Qualification Tournament for 2026 World Team Table Tennis Championships додаларында көрсеткен тәжірибесі мен жетістіктеріне қарай іріктеліп өткен.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албап АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4649
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,